




Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПРЕЗИДЕНТТІК КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ

26 сәуір 2015 жыл

Сайлауды бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ
Миссиясының ақырғы есебі



Варшава
29 шілде 2015 жыл

МАЗМҰНЫ

I.	ҚЫСҚАША ШОЛУ	1
II.	КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР	3
III.	НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ ЖӘНЕ САЯСИ КОНТЕКСТ	4
IV.	САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА	5
V.	САЙЛАУ ҮРДСІН БАСҚАРУ	6
VI.	САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ	8
VII.	КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ	11
VIII.	САЙЛАУ НАУҚАНЫ	13
IX.	САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	15
X.	БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	17
	A. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ОРТАСЫ	17
	B. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА	17
	C. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МОНИТОРИНГІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	19
XI.	ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР	20
XII.	САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ	22
XIII.	САЙЛАУ КҮНІ	23
	A. АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ	23
	B. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ	23
	C. САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ	24
XIV.	ҰСЫНЫМДАР	25
	A. БАСЫМ ҰСЫНЫМДАР	26
	B. БАСҚА ҰСЫНЫМДАР	27
	ҚОСЫМША I: СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР	30
	ҚОСЫМША II: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУШЫЛАР ТІЗІМІ	31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ
26 СӘУІР 2015 ЖЫЛ

Сайлауды бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының ақырғы есебі¹

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 2015 жылдың 26 сәуіріндегі президенттік кезектен тыс сайлауды бақылау миссиясын (СБМ) тағайындады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ЕҚЫҰ ережелеріне, демократиялық сайлау өткізу туралы басқа халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сайлау процесінің сәйкестігін бағалады. Сайлау күні, 36 елден келген 291 байқаушылар сайлаудың ашылуы, дауыс беру, дауыстарды санау және нәтижелерді шығаруға бақылау жасау үшін елдің бүкіл аумағында тағайындалды.

2015 жылдың 27 сәуірінде шығарылған Алдын ала тұжырымдар мен қорытындылар бойынша есепте мынадай қорытынды жасалды: «26 сәуір күнгі сайлауға дайындық тиімді жүргізілді, алайда, шынайы демократиялық сайлауды өткізуге қажет реформаларды әлі де іске асыру қажет. Қазіргі президенттің басымдылық жағдайы және нағыз оппозицияның болмауы сайлаушылардың таңдауын шектеді. БАҚ-қа қатысты шектеулер мен өз ойын білдіру бостандығына шектеулер қоғамдық пікірталастарды басып отырды. Сайлау күні жалпы ережелерге сай өткізілді, алайда дауыс беру, дауыстарды санау және нәтижелерді шығару кезінде маңызды процедуралық кемшіліктер мен ағаттықтар байқалды».

Бұл қатарынан екінші рет кезектен тыс өткізілетін президенттік сайлау болды. 2010 жылғы түзету бойынша қатарынан келетін екі президенттік мерзімнен конституциялық шектеу қазіргі Президентке қолданылмайды. Қазіргі президент және оның саяси партиясы саяси мәселелерде үстемдік етеді, елде шынайы оппозиция жоқ, ал белгілі үкімет сыншыларының қатары бас бостандығынан айырылған немесе қуғында жүр. Қазіргі уақыттағы саяси биліктің шоғырлануы 1990 ж. ЕҚЫҰ-ның Копенгаген Құжатында бекітілген саяси плюрализмнің дамуына кедергі келтіреді.

Құқықтық база заңнамалық сайлау жүргізуге арналған техникалық базаны қамтамасыз етеді, бірақ дауыс беру құқығын және бейбітшілік жиналыстарының, бірігулердің және өз пікірлерін білдіруге іргелі еркіндігін шамадан тыс шектеу, ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау жөніндегі басты қағидаларына қайшы. Соңғы енгізілген өзгертулерге қарамастан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрын берген ұсыныстары Сайлау туралы заңында ескерілмейді, атап айтқанда сайлау комиссиясының құрамы, кандидаттарды тіркеуге қатысты басты ережелері, және де шағым беру процесіне қатысты ұсыныстары. Бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлауға арналған басқа да халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкес заңнама қосымша құқықтық реформаларды жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы сайлау үрдісін басқару тиімді жүзеге асырылды; барлық сайлау мерзімдері сақталды, ал сайлау комиссиялары бақылаушылар және БАҚ үшін ашық болды. Сайлау туралы заң сайлау комиссияларындағы саяси партиялардың тең өкілдігін қамтамасыз ету механизмін ұсынбайды. Көбіне ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТБМ қатысқан орташа және төменгі деңгейдегі комиссиялар, комиссия мүшелері және барлық төрағалар «*Нұр отан*» партиясымен байланысты болуы, олардың

¹ Осы есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы ғана ресми құжат болып табылады. Қазақ және орыс тіліндегі бейресми аудармаларға рұқсат етіледі.

бейтараптығы туралы күмән туғызады. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) кандидаттарды қолдау қолтаңбаларын тексеру және дауыс беру нәтижелерін анықтау үрдісі бойынша егжей-тегжейлі ережелер мен нұсқаулар ұсынған жоқ, бұл заңның бірізді қолданылуына әсер етті.

Аталмыш сайлауда 9,5 миллионнан астам сайлаушы тіркелді. Сайлаушыларды тіркеу пассивті болып табылады және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылардың көбісі сайлаушылар тізімінің нақтылығына күмән келтірген жоқ. Дегенмен, сайлаушылар тізімін құрудың бірыңғай құралы жоқ, ал тізімдерді қиылыстырып тексеру үрдістері көп ретті жазулардан қорғауды жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етпейді. Түрмеде жазасын өтеуші тұлғаларға сайлау құқығын мүлдем ұсынбау, пропорционалдыққа әсер тигізеді, бұл ЕҚЫҰ қағидаларына қайшы келеді.

27 өзін-өзі ұсынушылардың ішінен 3-еуі кандидат ретінде тіркелді. Кандидаттарға тіл білу қажеттігімен қатар қойылатын талаптар кандидаттарды тіркеу үрдісінің инклюзивтілігіне әсер етеді. 27 өзін-өзі ұсынушылардың, 15-і міндетті тілдік тест тапсырмады немесе одан өткен жоқ. Нәтижелерді бағалау кезінде тіл емтиханының нәтижелерін бағалаудың айқын критерийлері болған жоқ, және бағалауды ОСК тағайындаған тіл комиссиясының мүшелері өз қарауына қалдырып отырды. Сайлау құқығын шектеу, соның ішінде ел территориясында тұру талабы және қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарамастан соттылығы бар тұлғалардың барлығын қатыстырмау ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа халықаралық стандарттарына қайшы болып табылады.

Өзін-өзі ұсынушы екі әйел болғанына қарамастан, президенттікке кандидаттардың арасында әйелдер болған жоқ. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ қатысқан комиссиялардың мүшелерінің жартысынан көбі әйелдер және олар комиссиялардың үштен бір бөлігінен астамына төрайымдық етеді.

Үгіт-насихат науқаны негізінен байқалмай өтті, бәсекеге қабілеттілік жетіспеді және шамалы қоғамдық қызығушылық тудыру үшін жүргізілді. Үгіт-насихат кезеңінде қазіргі президент ел ішінде өзінің ресми лауазымында белсенді түрде жүріп- тұрды. Сайлаушыларға саяси баламалар арасында нағыз сайлау ұсынылмады. Қазіргі президенттің екі оппоненті оның атқарған қызметі үшін асыра мақтады. Үкімет шенеуніктерінің науқанға қатысу және «Нұр Отан» партиясының кеңселерін үкімет ғимараттарына орналастыру фактісі мемлекет пен партияның ара-жігін ажырататын сызықты бұзып өтті. Сенімді қайнар көздерінен түскен, митингілерге қатысуға және қазіргі елбасына жаппай дауыс беруге күштеуге бағытталған, сайлаушыларға көрсетілген қысым туралы хабарламалар 1990 ж. ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатына сәйкес талап етілетін сайлаушылардың «жазалы болу қорқынышынсыз» дауыс беру мүмкіндіктеріне күмән туғызды.

Үгіт-насихат науқанын қаржыландырудың ашықтығы халыққа жариялау мен сайлауалды есептерге қойылатын талаптардың жоқтығынан шектелді. Сайлау туралы заң науқан қаржысын бақылауды ОСК-ға тапсырады бірақ санкциялар критерийлерін жеткіліксіз реттейді. Өзін-өзі ұсынушылардың қолжетімді ақшалай қаражаты төмен, және тисінше саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар ұсынған кандидаттарға қарағанда оларды пайдалану мүмкіндігі де төмен.

БАҚ-қа қатысты шектеулі құқықтық база және интернет-сайттарды жабу мен бұғаттауды қоса алғандағы жақындағы санкциялар көзқарастар әртүрлілігін қысқартты және қоғамдық пікірталастарды басты. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның осыған дейінгі ұсыныстарына қарамастан, дискредитация қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылады. Үгіт-насихат науқанын БАҚ-та жеткіліксіз жариялау сайлаушылардың жеткілікті хабардарлығына негізделген таңдау жасау мүмкіндігін айтарлықтай шектеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТБМ мониторинг жүргізген БАҚ-та кандидаттар теңдей көрсетілген, алайда қазіргі президент өзінің ресми қызметінде кеңінен көрсетіліп, теңсіз жағдайлар қамтамасыз етілді.

Шағымдар мен арыздар беру рәсімдері жеткілікті деңгейде анықталмайды және баламалы юрисдикцияға жол беріледі. Нормативтік-құқықтық база сайлауға қатысушылардың барлығының зиянды өтеу және сотқа шағым беру құқығын қарастырады, бірақ президент пен парламентке сайлаудың қорытынды нәтижелеріне шағым айту құқығын шектейді. Сайлауды кезеңде сотқа алты арыз берілді, олардың барлығы негізсіз деп танылып жойылған болатын, және олардың ешқайсысы ОСК-ге жіберілген жоқ.

ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес, Сайлау туралы заң халықаралық және тұрғылықты бақылаушылар, сондай-ақ тіркелген кандидаттардың уәкілетті өкілдері үшін қарастырылады. Бірнеше азаматтық қоғам топтары ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ-ға осы сайлауды қаржы ресурстарының және анық сайлау бәсекелестіктігінің жетіспеушілігіне байланысты бақыламағандығын хабарлады.

Сайлау күні жалпы ережелерге сай өткізілді, алайда дауыс беру, дауыстарды санау, нәтижелерді шығару кезінде маңызды процедуралық кемшіліктер мен ағаттықтар және дауыс беру жәшіктеріне топтап бюллетень салу жағдайлары байқалды. Үрдістің ашықтығы шектеулі болды, бірқатар УСК мен АСК өкілдері ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларына мағыналы бақылау жасауына жағдай жасамады немесе белгілі бір жерден тыс шықпауын міндеттеді. ОСК аудандық немесе сайлау учаскесіне бөлінген сайлау нәтижелерін жарияламай процестің жалпы ашықтығын одан әрі кемітті.

Бұл есеп сайлауды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа халықаралық міндеттемелері мен стандарттарына сәйкес келтіру әрекетін қолдауға бірқатар ұсынымдар ұсынады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау процесін жақсарту және осы және алдыңғы баяндамаларда қамтылған ұсыныстарды шешу үшін басқарушы билік пен азаматтық қоғамға көмек көрсетуге дайын.

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР

Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша және 3-6 наурыз аралығында өткізілген Қажеттіліктерді бағалау жөніндегі миссияның (СБМ) ұсыныстары негізінде (ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ ДИАҚБ) 2015 жылдың 26 сәуіріндегі президенттік кезектен тыс сайлауды бақылау жөніндегі миссияны тағайындады. СБМ басшысы Корнелия Йонкер (Cornelia Jonker) болды және Астанада негізделген 12 сарапшылар мен елдің бүкіл аумағына тағайындалған 30 ұзақ мерзімді бақылаушыларда тұрды. Миссия мүшелері 24 ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерден шақыртылды.

Сайлау күні, 36 елден келген 291 байқаушылар тағайындалды. Бүкіл ел бойынша ашылу 106 сайлау учаскелерінде байқалды және дауыс беру 1,071 сайлау учаскелерінде байқалды. Дауыстарды санау 94 сайлау учаскелерінде және нәтижелерді анықтау 71 аудандық сайлау комиссияларында байқалды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау процесінің ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа халықаралық міндеттемелері мен стандарттарына және ұлттық заңнамаға сәйкестігін бағалады. Бұл қорытынды есеп 27 сәуірде Астанада өткен баспасөз мәслихатында шығарылған алдын ала тұжырымдар мен қорытындылар туралы мәлімдемесін құптайды.²

² ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан бойынша осыған дейінгі барлық есептерін мына мекенжайдан табуға болады: www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Қазақстан Республикасының басқарушы биліктерге сайлауды және Орталық сайлау комиссияны бақылауға шақырғаны үшін, ал СІМ және басқа да басқарушы биліктерге көмектері және ынтымақтастығы үшін алғысын білдіреді. Сондай-ақ өз пікірлерімен бөліскендері саяси партиялар, БАҚ, азаматтық қоғам, халықаралық қауымдастық және басқа да сұхбаттасушы өкілдеріне ризашылығын білдіреді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сонымен қатар ЕҚЫҰ бағдарламаларының Астана қаласындағы Кеңесіне ынтымақтастығы және қолдау көрсеткені үшін өз алғысын білдіреді.

III. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ ЖӘНЕ САЯСИ КОНТЕКСТ

2014 жылдың аяғында 1991 жылдан бері ел президенті болып келген Президент Нұрсұлтан Назарбаев, экономиканы ынталандыруға бағытталған «*Нұрлы жол*» бағдарламасын ұсынды. Ол 2050 жылға қарай Қазақстанда елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруін мүмкін ететін жағдайларды құруға бағытталған «Қазақстан-2050» стратегиясына негізделген. 2015 жылғы 11 ақпанда президент елдің экономикалық қиындықтарға тап болғанын және елеулі реформалар өткізу қажеттігін айтты.

14 ақпанда Президент Назарбаев консультативтік-кеңесші орган етіп тағайындаған және өзі төрағалық ететін Қазақстан Халқы Ассамблеясы (ҚХА) 2016 жылы президенттік және парламенттік сайлауды бір мезгілде өткізбеу керектігін ескере отырып, мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу бастамасын көтерді. Басқа басқарушы биліктер мен парламент мүшелері, сондай-ақ қолайсыз сыртқы экономикалық ахуалға қарсы тұру үшін экономикалық ынталандыру бағдарламаларын іске асыру үшін Президентке жаңа мандат беру қажеттілігін мәлімдеді. 2015 жылдың 24 ақпанында Конституциялық Кеңес президенттің бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын сайлауға шақыру айрықша құқығын растады, 25 ақпанда Президент мерзімінен бұрын президенттік сайлау күнін 26 сәуірге бекітті. Бұл ерте өткізілетін қатарынан екінші президенттік сайлау болды. Басқару органдары сайлауды ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сәйкес өткізуді өз міндеттеріне алатынын хабарлады.

Тікелей сайланатын 98 орынның ішінен 83 орынды иелене отырып, президент Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясы Мәжілістегі (парламенттің төменгі палатасы) орындардың басым бөлігін иеленеді, осы уақытта «Ақ жол» және Қазақстанның коммунистік халық партиясы (ҚКХП) тиісінше сегіз және жеті орынға ие. Парламентте үш партия және елде тіркелген алты саяси партияның болуына қарамастан, президент және «Нұр Отан» партиясы ұлттық саясат мәселелерінде басымдыққа ие. Парламенттегі партияларды қоса алғандағы, алты партия сайлауда қазіргі президенттің кандидатурасын қолдады.³ 2013 жылы Руханият партиясы Бірлік партиясымен ресми түрде біріккенге дейін 2007 жылдан бері ешқандай жаңа партия тіркелмеген болатын. 2012 жылы тіркелмеген Алға оппозициялық партиясының көшбасшысы «әлеуметтік араздық тудыру» қылмыстық айыптауы бойынша түрмеге жеті жарым жылға сотталды және партияның қызметіне тыйым салынды. 2014 жылдың 25 желтоқсанында Алматы экономикалық соты Қазақстанның Коммунистік партиясының (ҚКП) қызметін тоқтата тұруды бұйырды.⁴ Азат пен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) осы сайлауға кандидат ұсынбауды шешті.

³ «Қазақстан-2050» демократиялық күштер ұлттық коалициясы, олардың мүшелерінің қатарына мыналар кіреді: «Нұр Отан» партиясы, Қазақстанның коммунистік халық партиясы (ҚКХП), Қазақстан патриоттарының партиясы, «Ақ Жол» демократиялық партиясы, «Бірлік» партиясы, «Ауыл» әлеуметтік-демократиялық партиясы және Қазақстанның кәсіподақтар федерациясы.

⁴ Уақытша тоқтатуды Қазақстанның Коммунистік партиясының (ҚКП) басшыларынан түскен партиялық тізімдердегі анық емес жағдайлардың болуы туралы шағымның негізінде Әділет министрлігі бастамалаған болатын.

Бірнеше ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары тұрақтылық пен экономикалық өркендеуді қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан саясатының негізгі бостандықтарды қорғаудан басым тұрғандығын мәлімдеді. Бұл саяси билік монополиясындағы тұжырымдарды нақтылайды және елде шынайы оппозиция жоқ, ал белгілі үкімет сыншыларының қатары бас бостандығынан айырылған немесе қуғында жүр. Қазіргі уақыттағы саяси биліктің шоғырлануы 1990 ж. ЕҚЫҰ-ның Копенгаген Құжатында бекітілген саяси плюрализмнің дамуына кедергі келтіреді.⁵

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Қазақстан президенттік ел болып табылады. Президент премьер-министрді, бас прокурорды және барлық деңгейдегі төрешілерді және барлық жергілікті атқарушы билік басшыларын тағайындауға және қызметтен босатуға құқылы. Сондай-ақ, президент парламент ұсынған барлық заңдарға, Конституциялық кеңестің шешімдеріне вето сала алады, сонымен қатар парламентті таратуға құқылы, және кез келген уақытта мерзімінен бұрын президенттік сайлауға шақыру секілді айрықша және шексіз құзыретке ие.

Президент абсолюттік көпшілікпен бес жылдық мерзімге сайланады. Кандидаттардың бірде-бірі дауыстардың 50 пайызын ала алмаған жағдайда, екі айдың ішінде қайтадан дауыс беру жүргізіледі, оған неғұрлым көбірек дауыс санын алған екі кандидат қатысады. Конституцияда бекітілген шектеуге сәйкес, бір тұлға қатар келетін екі президенттік мерзіммен шектелген. Аталмыш шектеу қазіргі президентке қатысты қолданылмайды.⁶ Онымен қоса, президент қолданатын ерекше құқықтық мәртебе мен қорғаныс, ЕҚЫҰ қағидаларына сәйкес ұстану қажет болып табылатын тең жағдайларды қамтамасыз ету мүмкіндігін шектейді.⁷

Заң алдында барлық жеке тұлғалардың теңдігін және барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды белсенді түрде қамтамасыз ету мақсатында бірінші Президентке айрықша құқықтық мәртебе беретін ережелерді, соның ішінде мерзімнен бұрын президенттік сайлау өткізуге айрықша және шектелмеген құқықты қайта қарастыру қажет.

Президенттік сайлау Конституциямен, Сайлау (Сайлау заңнамасы) туралы конституциялық заңмен және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) шешімдерімен реттеледі. Басқа қолданылатын заңдарға Саяси партиялар туралы заң мен Бейбіт жиналыстар туралы заң, сондай-ақ Қылмыстық кодекс ережелері, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, Азаматтық және Азаматтық іс жүргізу кодексі, БАҚ заңы, Байланыс заңы және Хабар тарату туралы заң жатады. Қазақстан демократиялық сайлау өткізуге қатысты негізгі халықаралық және аймақтық шарттардың қатысушысы болып табылады.⁸

⁵ ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 3-тармағында қатысушы елдер «демократия құқық заңы қағидасының ажырамас элементі болып табылатынын қайталап растайды, олар саяси ұйымдарға қатысты плюрализмнің маңыздылығын мойындайды».

⁶ 2007 жылы қабылданған Конституцияның 42.5-бабы; Сайлау туралы заңның 53.3-бабы және Тұңғыш президент - Ұлт көшбасшысы туралы Заңның 1-бабы, заңның екеуі де 2010 жылы өзгертілді.

⁷ Өзгелер арасында мерзім бойынша шектеудің таралмауы, нәтижелерге шағым айту мүмкіндігі және қол сұқпаушылық мәртебесі бар. ЕҚЫҰ-ның 1990 ж. Копенгаген Құжатының 7.6-тармағы бойынша қатысушы елдер «заңның және билік органдарының алдында теңдік негізінде бір бірімен жарысуды мүмкін ететін қажетті заңдық кепілдер ұсынуға» міндеттеледі. Сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 25-бабын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД Конвенциясы) мүше мемлекеттердің демократиялық сайлау стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтары туралы конвенцияның 2(б)-бабын қараңыз.

⁸ 1966 жылғы АСҚХП, Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлерін жоюға арналған 1979 жылғы Конвенция, Нәсілдік алалаудың барлық түрлерін жою туралы 1965 жылғы Халықаралық конвенция, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2003 жылғы Конвенция, Мүгедектердің құқықтары туралы 2006 жылғы Конвенция және 2002 жылғы ТМД Конвенциясын қоса алғанда Қазақстан сондай-ақ Еуропаның Венеция комиссиясы Кеңесінің мүшесі болып табылады.

2014 жылы сайлау заңнамасына және сайлау процесінің аспектілерін реттейтін басқа да заңдарға өзгерістер енгізілді. Өзгертілген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сайлау заңнамасын бұзушылықтарының неғұрлым егжей-тегжейлі анықтаулары көрсетілген. Сондай-ақ, ішінара алдыңғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынымдарын шеше отырып, оң шара ретінде ОСК сайлау жәшіктерін мөрлеу және кандидаттарды қолдауға қойылған қолдарды тексеру бойынша рәсімдер туралы ереже шығарды. Дегенмен, сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның осыған дейін айтқан ұсыныстары, оның ішінде сайлау үрдісін басқару мәселелеріне, кандидаттарды тіркеу, сондай-ақ, шағымдар мен өтініштерді қарауға қатысты ұсыныстары ескерілмеген.

ОСК қаулылары Сайлау туралы заңда толық реттелмеген салаларды тиісті түрде шешпеді немесе заң жеткілікті түрде жетілдірмеген кандидатты тіркеу және сайлау күнін қоса алғандағы рәсімдерді қосымша айқындылықпен қамтамасыз етпеді. Айқындықтың болмауы сайлау комиссияларының рәсімдерді сәйкессіз түрде орындауына ықпал етті.

ОСК қаулылары төменгі деңгейдегі комиссиялар орындайтын рәсімдерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құқықтық базаны толықтыруы тиіс.

Жалпы нормативтік құқықтық база сайлауды өткізуге техникалық негізді қамтамасыз етеді. Дегенмен, жиналу мен өз ойын білдіру бостандығына негізсіз шектеулерді қоса алғандағы осы есепте анықталған кемшіліктер ЕҚЫҰ қағидаларына және өзге де халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкес демократиялық сайлау өткізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында болашақта құқықтық реформа жүргізу қажеттігін ерекше көрсетеді.⁹

Заңнаманы ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкес ету және өткен және қазіргі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынымдарын шешу мақсатында сайлауға арналған ағымдағы құқықтық база мен негізгі бостандықтарды жан-жақты шолу шаралары қолданылуы керек. Барлық мүдделі тараптармен ашық кеңес өткізу үшін реформа қолдану қажет.

V. САЙЛАУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ

Сайлау үрдісін басқару ОСК, 16 территориялық сайлау комиссиясы (ТСК), 208 аудандық сайлау комиссиясынан (АСК) және 51 елдегі дипломатиялық миссиялардағы 65 УСК қоса алғанда, 9741 учаскелік сайлау комиссиясынан (УСК) тұратын төрт деңгейлі жүйесімен жүзеге асырылады.

Заңға сәйкес, барлық деңгейдегі комиссиялардың құрамында бес жылдық мерзімге сайланатын жеті мүше бар. ОСК-ның төрағасы мен екі мүшесін Сенат пен *Мәжілістің* әрқайсысынан екі мүшемен қоса президент тағайындайды. ОСК-ның қазіргі құрамы алты мүшеден тұрады, олардың екеуі - әйел. Олардың барлығы 2015 жылғы ақпан-наурызда қайта тағайындалды, ал бір орын бос болып табылады. Территориялық, аудандық және учаскелік комиссиялардың мүшелері 2014 жылғы наурызда саяси партиялар тарапынан, ұсыныстардың саны жеткіліксіз болғанда қоғамдық ұйымдардан, осыдан кейін жоғары деңгейдегі сайлау комиссиялары

⁹ ЕҚЫҰ-ның 1990 ж. Копенгаген Құжатының 4-тармағына сәйкес, қатысушы елдер «осы елдердің заңдары, әкімшілік ережелері, тәжірибесі мен саясаты халықаралық құқық бойынша міндеттемелеріне сәйкес келуін және Қағидалар туралы декларацияның және ЕҚЫҰ-ның өзге қағидаларының ережелерімен келісілуін кепілдендіруге» міндеттенеді.

тарапынан ұсыну негізінде тиісті *Мәслихаттар* (жергілікті кеңестер) сайланған болатын.¹⁰ Комиссия мүшелігіне кірмейтін партиялар сайлау кезең үшін дауыс бермейтін өкілдерін тағайындай алады. Әйелдер осы уақытқа дейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ кездескен ТСК, АСК және УСК-ның барлық мүшелерінің жартысын құрайды және ширегінен астамын басқарып отыр.

Сайлау туралы заң орта және төмен деңгейдегі комиссияларға саяси партияларды ұсынудың тепе-теңдігін жеткіліксіз қамтамасыз етпейді. Әрбір партия немесе ұйым әр комиссияға өзінің бір мүшесін ұсына алады, бұл ұсыныстар *Мәслихаттар* үшін міндетті болып табылмайды.¹¹ Онымен қоса, Сайлау туралы заң бір ұйымның мүшесіне басқа ұйымнан ұсынылуды мүмкін етеді. Іс жүзінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған комиссиялардың басым саны «*Нұр Отан*» партиясының мүшелері болып табылады және барлығы төраға орнын иеленушілер болды.¹² Бұл халықаралық стандарттарға қайшы келеді және сайлауды басқару органдарының төменгі деңгейлерінде әділдікті кумәндандырады.¹³ СБМ кездескен комиссия мүшелерінің кейбірі өздерін ұсынған ұйымды, өздерінің қай партияға жататынын және тағайындау үрдісі қалай іске асырылатынын білмейтін болып шықты.

Бейтарап сайлау әкімшілігін жақсарту үшін заңда және іс жүзінде барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының инклюзивті құрамын қамтамасыз етуге арналған қадамдар қабылдануы тиіс. Барлық саяси партиялардың, оның ішінде басшылық лауазымдарындағы пропорционалды өкілдікті қамтамасыз ету үшін мәселе талқылауға берілуі мүмкін болды. Комиссияда бір саяси партиядан бір ғана мүше болады деген қағида ұсталуы тиіс.

Жоғары деңгейдегі сайлау комиссиясы, комиссияның жаңа мүшесін тағайындағанға дейін уақытша мүше тағайындауға құқылы. Сайлау туралы заң осындай ауыстырудың критерийлерін қарастырмайды және ауыстыруды бір ұйымның іске асырғанын талап етпейді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған комиссияларда 2014 жылы тағайындалған мүшелердің бестен бір бөлігінен артығы биылғы жылы ауыстырылды.

¹⁰ Сайлау комиссиясының мүшелері саяси партияларды (85,2 пайыз), қоғамдық ұйымдарды (13,4 пайыз) білдіреді, немесе оларды жоғары деңгейдегі комиссиялар тағайындаған (1,3 пайыз). Өкілдердің неғұрлым жоғары санына «Нұр отан» партиясы ие (14,2 пайыз, бұл да ең көп рұқсат етілген саны болып табылады), одан кейін «Бірлік», «Ақ жол», «Ауыл» және ҚКХП орналасады (әрқайсысы 13,5 пайыздан), ҚПП (12 пайыз), ҚОП (4 пайыз), Жалпыұлттық социал демократиялық партия (ЖСДП) (0,4 пайыз).

¹¹ Мысалы, ЖСДП ұсынылған 3,397 кандидаттың ішінен 115 комиссия мүшесіне ие және кандидаттардың ешқайсысы төраға, оның орынбасары немесе хатшы қызметіне тағайындалған жоқ. Алматы қалалық мәслихаты Наурызбай АСК жаңа мүшелерін және УСК 42 мүшесін тағайындады. Алты саяси партия («Ақ жол», «Бірлік», ЖСДП, «Нұр Отан» және ҚПП) және екі қоғамдық ұйымдар (Ауғанстан ардагерлері одағы және Азаматтық бастамалар орталығы) әр қайсысы 43 кандидат, ал ҚХДП 23 кандидат ұсынды. ХСДП және Ауғанстан ардагерлері одағының барлық кандидаттары қайтарылды, ал қалғандары қабылданған жоқ. Алматы облысында ҚКХП комиссия мүшелері болып тағайындалған 729 мүшесінің ешқайсысы төраға лауазымына ие емес.

¹² ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ айтуынша, кейбір комиссиялардың мүшелері басқа ұйымнан өзін-өзі ұсынушы бола тұра, «Нұр Отан» партиясының мүшелері болған: бір ТСК, төрт АСК және үш УСК барлық жеті мүшесі; төрт АСК және бір УСК алты мүшесі; бір ТСК, екі АСК және бес УСК бес мүшесі; бір ТСК, екі АСК және екі УСК төрт мүшесі; төрт АСК мен үш УСК үш мүшесі. Жамбыл облыстық ТСК төрағасы, орынбасары және хатшысы басқа өкілдер ұсынғанымен, «Нұр Отан» партиясының мүшелері болды. Қызылорда облысының ТСК төрағасы мен төрағаның орынбасарына қатысты ұқсас жағдай.

¹³ БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің № 25 Жалпы тәртібі ескертулерінің 20-тармағына сәйкес, «тәуелсіз сайлау органы сайлау үрдісін бақылау мақсатында құрылуы керек және оның шынайы, қолданыстағы заңнамаға, тиісті Шартқа сәйкес өтуін қамтамасыз етуі тиіс». Еуропалық Одақ комиссиясының 2002 жылғы «Заң арқылы демократия» (Венециандық комиссия) Сайлаулар мәселелерінің тиісті практикасы кодексінің 2.3 тармақшасында «Саяси партиялар сайлау комиссияларында теңдей ұсынылуы немесе тәуелсіз органның жұмысын бақылауға мүмкіндікке ие болуы тиіс. Теңдік катал немесе пропорционалды негізге сүйенуі мүмкін» деп айтылған кеңес келтірілген.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған комиссиялардың жартысынан көбі жергілікті басқару органдарының ғимараттарында орналасқан, ал миссия барған УСК-ның үштен бірінен артығының әкімшілігі де комиссия мүшелерінің тұрақты жұмыстарындағы басшылары болып шықты.¹⁴ Бұл сайлау комиссиясының қызметінің тәуелсіздігіне әсерін тигізуі мүмкін, өйткені комиссия мүшелері мүдделер қайшылығына тап болуы ықтимал.

Сайлау комиссияларының тәуелсіздік деңгейін арттыруға бағытталған шаралар қолдану керек, атап айтқанда УСК құрамында сатылы еңбек қарым-қатынастары болған жағдайда орын алуы мүмкін мүдделер қақтығысын болдырмау.

Сайлау үрдісін басқару тиімді болды; барлық сайлау мерзімдері сақталды, ал сайлау комиссиялары, ОСК-ны қоса алғанда, әдетте өз жұмыстарының ашықтығын қамтамасыз етті. ОСК отырыстары бақылаушылар, сенімді өкілдер және БАҚ үшін ашық болды. ОСК сессия басталғанға дейін күн тәртібін жариялаған жоқ, алайда, бұл заңнама бойынша талап етілмейді де. Заңмен талап етілгендей ОСК бойынша кандидаттар мен сенім білдірілген адамдар тиісті ОСК сессиялары туралы хабардар етілді. ОСК-ның барлық шешімдері кейде біршама кешігіп жатса да, онлайн режимінде жарияланып отырды.

ОСК сайлау комиссияларын оқыту бойынша нұсқаулықтар мен бейнематериалдар шығарды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған сайлау комиссиялары мүшелерінің жартысынан көбі сайлау өткізу мәселелері бойынша сабақ алды. Неғұрлым құрылымдық оқыту бағдарламасы мен егжей-тегжейлі нұсқаулықтардың жоқ болуы, сондай-ақ, процедуралар бойынша, атап айтқанда кандидаттың қолын тексеру, тіркеуден шығару куәліктерін (ТШК) жазу, дауыстарды санау және нәтижелерін анықтау, сайлау процесінің барлық аспектілеріне бақылаушының қолжетімділігі бойынша түсіндірмелер жеткіліксіз болғандықтан сайлау комиссиялары заңды әрқалай түсіндірді. Сондай-ақ, комиссиялардың құрамы және берілген ТШК саны, бақылаушылар саны, сондай-ақ санау және сайлау нәтижелерін анықтау қорытындылары секілді басқа да маңызды элементтер туралы орталықтандырылып жиналған деректердің болмауынан процестің ашықтығы мен ОСК-ның қадағалау тиімділігі шектелді.

Рәсімдерді бірыңғай қолдануды жақсарту және сайлау комиссиялары жұмысының ашықтығын арттыру үшін ОСК басқалардың арасында одан әрі өз қағидаларын дамыту, практикалық оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету, сондай-ақ төменгі деңгейдегі комиссиялардан келетін деректер жинағын стандарттау арқылы өзінің бақылау қызметтерін жүзеге асыру керек.

Сондай-ақ ОСК сайлаушыларды кең ауқымды оқыту бағдарламасын әзірледі, ол телевизиялық роликтерді, жарнамалық тақталар мен плакаттарды орналастыруды қамтиды. Сайлаушылардың өздерінің тіркеу деректерін және өздерінің сайлау учаскелерінің орналасуын интернет немесе жедел желінің арнайы нөмірлеріне хабарласу арқылы инклюзивтік негізде тексеру мүмкіндігі болды.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ, жасалған қылмыстардың ауырлығына қарамастан, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылған тұлғаларды қоспағанда, 18

¹⁴ Мысалы, мектептерде орналасқан УСК құрамына кей жағдайда директор төраға және мүшелер ретінде мұғалімдер кіреді. Павлодар облысының алты ауданында УСК төрағаларының 42 пайызы мектеп директорлары, сонымен бірге сол мектептердегі мұғалімдердің бірден үш пайызға дейінгі көлемде бір УСК мүшелері ретінде әрекет етеді. Орташа алғанда мұндай айғақтар жалпы Павлодар облысында 20 пайыз, ал Лебяжье ауданында 60 пайыз көлемінде кездеседі.

жасқа толған барлық азаматтар дауыс беруге құқылы. Түрмеде жазасын өтеуші немесе ақыл-есі дұрыс емес деп танылған тұлғаларға сайлау құқығын мүлдем ұсынбау негізсіз шектеу болып табылады және халықаралық міндеттемелер мен ЕҚЫҰ қағидаларына қайшы келеді.¹⁵

Салынған шектеу және жасалған құқық бұзушылық ауырлығына арасындағы парапарлықты қамтамасыз ету үшін түрмеде жазасын өтеуші азаматтарға дауыс беру құқықтарын мүлдем ұсынбау жасалған қылмыстың ауырлығына қарамастан қайта қарастырған жөн. Ақыл-есі кем деп танылған адамдардың дауыс беру құқықтары туралы жалпы шектеулер нақты мән-жайларға байланысты әр жағдай үшін жеке-жеке шешілуі керек.

Сайлаушыларды тіркеу пассивтік болып табылады және тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі. Сайлаушылар тізімі бойынша деректерді жинаудың бірегей құралдары жоқ. Әрбір әкімдік (жергілікті басқару органы) халықты тіркеуге қатысатын кез келген ұйым ұсынған деректердің, сондай-ақ сайлаушылардың үйін аралау нәтижелері бойынша жиналған ақпараттың негізінде тізім жасады. Олар тиісті АСК-ға тіркелген сайлаушылар туралы мәліметтерді жылына екі рет электрондық және баспа түрінде тапсырады. Сонымен қатар, сайлауға 20 күн қалғанда, әкімдіктер көптеген ықтимал тіркеулерді тексеру үшін сайлаушылардың бірыңғай электрондық тізімін сақтайтын ОСК-ға сайлаушылардың тізімдерін қайта жіберуі керек.¹⁶

Сайлаушылардың 11 сәуірден бастап өздерінің деректерін тексеруге және оларға өзгерістер енгізу немесе УСК-ге сайлаушылар тізіміне енгізілуін сұрау құқығы болды. Сонымен қатар, УСК сайлаушылар тізімге ілінбеген, бірақ тиісті территорияда тұрып жатқанын дәлелдей алған жағдайда сайлаушыларды сайлау күні тіркей алды. ОСК-ге сәйкес сайлаушылар тізіміндегі танысу кезеңіндегі және сайлау күніндегі өзгерістер *әкімдіктер* толтыратын сайлаушылардың тұрақты тізімдерінде көрініс табатын болады. Сайлаушыларды сайлау күні тіркеу тиісті тәжірибеге сәйкес келмейді және сайлаушыларды бірнеше рет тіркеуге әкеп соғуы мүмкін болды.¹⁷

Озық тәжірибеге сәйкес бірнеше рет тіркелу жағдайларының орын алуына жол бермеу үшін сайлаушылардың сайлау күні тіркелу мүмкіндігін алып тастау туралы сұрақты қарастыру керек. Сайлаушылар тізімін жабудың заңды мерзімін енгізуге болады. Тізімге қосымша сайлаушылар тек анық көрсетілген заң талаптарына сәйкес және сот бақылауымен енгізіле алады.

Сайлау күні тіркелген жерінде болмайтын азаматтар (дауыс беруге 30 күн қалғанда) уақытша болатын жері бойынша сайлау тізіміне уақытша енгізуге өтініш беру, немесе тіркеуден шығару

¹⁵ ЕҚЫҰ 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 7.3 тармағында қатысушы елдер «ересек азаматтардың жалпы және тең дауыс құқығына» кепіл беруі тиіс екендігі айтылған, ал 24 тармақта оған сәйкес құқықтар мен еркіндіктерді шектеу «Заң мақсаттарына қатал пропорционалды» болуы керек қағида көзделген. Азаматтық және саяси құқықтар бойынша халықаралық келісімге жасалған № 25 БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің Жалпы тәртіптегі ескертулерінің 14-тармағында дауыс беру құқығынан айыруға деген негіз «объективті және негізделген» болуы тиіс екендігіне сілтеме жасалған. Мүгедектердің құқықтары туралы 2006 жылғы БҰҰ Конвенциясының (МҚК) 29-бабы мемлекеттерге «Мүмкіндігі шектеулі адамдардың саяси құқықтары мен басқалармен тең дәрежеде болу негізінде сол құқықтарды пайдалану мүмкіндіктеріне кепілдік беруді» талап етеді.

¹⁶ Тексеру Әділет министрлігінің деректер қорын пайдаланумен жүргізілді. ОСК тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты және бірегей жеке сәйкестендіру нөмірінің талаптарын пайдалана отырып барлық деректерді қайталанудың орын алу мүмкіндігіне тексерді.

¹⁷ Венециандық комиссияның 2002 жылғы Сайлаулар мәселелерінде тиісті практикасы кодексінің 1.2. бөлігінде келтірілген кеңеске сәйкес «тіркелмеген дауыс берушіні тіркеуге мүмкіндік беретін құқықтық бақылау немесе құқықтық рәсімге сәйкес әкімшілік процедура болуы тиіс; тіркеу сайлау болатын күні сайлау учаскесінде жүзеге асырылмайды».

куәлігі (ТШК) бойынша өздері тіркелген қаладан, ауылдан немесе селодан тыс кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беру мүмкіндігі болды.¹⁸ ОСК ашықтығын шектей отырып, сайлау күні берілген немесе пайдаланылған тіркеуден шығару куәліктерінің саны туралы ақпаратты жинаған немесе жариялаған жоқ. Байқалады сайлау учаскелерінің сегіз пайызында УСК мүшелері бірнеше рет дауыс беруге қарсы қорғаныс үшін ТШК-ны сақтап қалады алмады және 33 жағдайда пайдаланылатын тіркеуден шығару куәліктерінің санын есептеген жоқ.

Ашықтық пен орын алуы мүмкін билікті асыра пайдаланушылықтан қорғау үшін ТШК-лар қолдану мен бақылау туралы толық ережелер әзірленуі тиіс. ТШК-лардың басылып шығарылуын, таратылуын және қолданылуын осы куәліктерге сериялық нөмір беру арқылы бақылауды күшейту керек. Бұл нөмірлерді УСК нәтижелер хаттамасына жазып, тексеріп тұруы тиіс.

Медициналық мекемелердегі, бастапқы тергеу орындарындағы, шалғай аудандар мен елден тыс орналасқан учаскелерді қоса алғанда, 571 арнайы сайлау учаскелері үшін сайлаушылар тізімдері құрылды. УСК осы тұлғаларды арнайы сайлау тізімдері негізінде қалыпты тізімнен жою бойынша нұсқау алды. Осы сайлаушылар тізімдерін пысықтаудың соңғы мерзімі (сайлау алдындағы күн) бюллетенді үлестіруге арналған мерзіммен (сайлаудан бірнеше күн бұрын) сәйкес келмейді. Бұл УСК-да сайлау күні сайлаушыларға беру үшін жеткілікті бюллетеньдері болмау мүмкіндігін білдіреді.¹⁹

Сайлау туралы заңға арнаулы сайлаушылар тізімін аяқтау мен бюллетеньдерді тарату арасындағы кестені үйлестіру мақсатында өзгерістер енгізу қажет.

Тіркелген сайлаушылардың соңғы саны 9,547,864 құрады, оның ішінде 28,967 сайлаушылар сайлау күні тіркелген тұлғалар. Сайлаушыларды тіркеу процесі құқылы сайлаушылардың сайлау үрдісіне қатысуын қамтамасыз етеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушыларының көпшілігі сайлаушылар тізімінің инклюзивтілігі мен анықтығына күмән келтірген жоқ. Дегенмен, ОСК-нің ықтималды көп реттік тіркеуге тексеруінен кейін сайлаушы заңнама бойынша бір ғана сайлау тізімінде көрсетілгенін қамтамасыз ететін орталықтандырылған механизм жоқ.²⁰ Онымен қоса, сайлаудан кейін сайлау учаскелеріне, атап айтқанда арнайы сайлау учаскелеріне бірнеше рет дауыс беру жағдайларын анықтау мақсатында аудит жүргізілмейді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы ұсынымдарына сәйкес ОСК сайлау күніне дейін және сайлау күнінде әр сайлаушының тек бір сайлау учаскесінде тіркелуін қамтамасыз ететін орталықтандырылған тоғыспалы тексеру тетігін құруы тиіс. Сайлаушылардың тіркелуі туралы мәліметтерді жинау бойынша бірыңғай рәсімдер толық болып, жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек. Атап айтқанда, арнайы сайлау учаскелерінде тіркелген сайлаушылар тұрғылықты мекені бойынша сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімінен шығарылғандығын тексеретін тетік құру қажет.

¹⁸ СШК сайлаулар күніне дейін 15 тәулік қалған күннен бастап, 25 сәуірдің 18:00 дейін беріле бастады. ОСК өзінің 17 сәуірдегі шешімінде су тасқынынан зардап шеккен тұлғаларға дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін СШК беру рәсіміне өзгерістер енгізді.

¹⁹ Мысалы, тыс елдегі сайлау учаскелеріне арналған бюллетеньдер сайлаудан үш-төрт күн бұрын жіберілсе, әр сайлау учаскесінде тіркелген сайлаушылардың санына тең, оған қоса қосымша бір пайыз бюллетеньдердің берілуі көзделіп отыр.

²⁰ Сайлау туралы заңның 25,3 бабы «... азамат тек бір сайлаушылар тізіміне ене алады» деп қарастырады. АСҚХП-ға жасалған № 25 БҰҰ АҚК-нің 1996 жылғы Жалпы тәртіптегі ескертулерінің 21 тармағы, онда «бір адам-бір дауыс» принципі жөнінде айтылған. Сондай-ақ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.3-тармағын қараңыз.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Кандидат тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек, жасы 40 жастан кем емес, қазақ тілін жетік меңгерген және ел аймағында соңғы 15 жыл бойы тұруы керек. Қылмыстық жазасын өтеуші тұлғалар, соттылығы өтелмеген тұлғалар немесе қылмыс үшін сотталғандар немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қоса алғанда әкімшілік жазаға тартылғандар сайлауға түсе алмайды.²¹ Тұру ұзақтығына қатысты шектеулер және қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қойылатын абсолюттік шектеулер ЕҚЫҰ-ның және өзге халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға қайшы келеді.²²

Кандидаттың біліктілік талаптары қоғамдық лауазымға қол жеткізу үшін азаматтардың құқығын негізсіз шектемейтіндей етіп түзетулер енгізу қажет. Ел территориясында тұру талаптарын алып тастау және қылмыстық сотты болған адамдарды қолдайтын құқық туралы кез келген шектеулер құқық бұзушылықтың ауырлығына шамалас болуын қамтамасыз ету мәселесіне көңіл бөлген жөн.

Кандидат өзін-өзі ұсынуы мүмкін немесе саяси партияларды қоса алғанда, қоғамдық ұйымдардан ұсынылуы мүмкін. Тіркелу үшін ОСК кандидаттардың сәйкестігін растап, ОСК тағайындаған тіл комиссиясы дайындаған қазақ тілі емтиханын тапсыру,²³ өз кандидатурасын қолдаған сайлаушылардың қолын жинап, салық декларацияларын ұсынып, ең төменгі жалақының 50 есесіне тең (осы сайлауға үшін шамамен 5300 еуро) көлемде сайлау депозитін тапсыру керек.²⁴

Кандидаттарды ұсыну 26 ақпаннан 15 наурызға дейін жалғасты. 25 өзін-өзі ұсынушы мен саяси партиялардан 2 адам тіркелді. Екі кандидат әйел болса, бір кандидат этникалық өзбек болды. ОСК-ге ұсынылғандардың құқықтылығын анықтауға бес күнге дейін уақыт берілді. Екі ұсынылушы ең төменгі жас мөлшеріне жетпегендіктен қабылданбады; үшеуі өз кандидатураларын кері қайтарды; ұсынылушылардың төртеуі ОСК тағайындаған тіл комиссиясы ұйымдастырған тілді білуге міндетті емтиханға келген жоқ; сегізі емтиханнан өткен жоқ; үшеуі тіл комиссиясының алдына келді, бірақ комиссияның құрамымен немесе емтихан рәсімімен келіспеушілік себебімен өтуден бас тартты; ал жетеуі емтиханды тапсырды.

Тіл комиссиясының процедуралық ережелерінде қателердің рұқсат етілген саны, және нақты ненің қате болып табылатыны көрсетілмеген.²⁵ Бірнеше үміткердің ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға айтуынша, бағалау критерийлерінің дискрециялық болған және комиссия үміткерлердің стилін

²¹ Сонымен қатар, соттың шешімімен құқығы шектелген тұлғалар сайлану құқығына ие емес; Конституцияның 33.3 бабы.

²² Азаматтық және саяси құқықтар бойынша халықаралық келісімге жасалған № 25 БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің 1996 жылғы Жалпы тәртіптегі ескертулерінің 15 тармағы, онда «сайлауға өзін ұсыну құқығын кез келген шектеу...объективті және уәжді талаптарға негізделуі тиіс. Сайлауға өзін ұсыну құқығына өзге де негіздері бар тұлғалар, тұрғылықты мекен- жайы...секілді негізсіз және дискриминациялық талаптар бойынша шығарылып тасталмауы тиіс» деп айтылған. Сонымен қатар 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 24 тармағының 7.3 тармақшасын қараңыз.

²³ Тіл комиссиясы бес ғалымнан құралады.

²⁴ Депозит 1.07 миллион қазақстанның теңгені (KZT) құрады; Шамаланған курс: 200KZT = 1Евро. Кепіл ақша дауыстардың бес пайызынан кем емес мөлшерін алған тұлғаларға қайтарылады.

²⁵ АСҚХП-ға жасалған № 25 БҰҰ АҚК-нің 1996 жылғы Жалпы тәртіптегі ескертулерінің 21 тармағы, онда «тіл ... негіздері бойынша осы құқықтарды пайдалану барысында азаматтар арасында ерекшеліктерге рұқсат етілмейді». ТМД Демократиялық сайлаулар мәселелері стандарттары жөніндегі 2002 жылғы конвенцияның 2.6 бабына сәйкес «Сайлаушылардың құқықтары мен еркіндіктері», «Азаматтың сайлау және сайлану құқығы ...дискриминациялық ...тіл сипаттағы қандай бір шектеулерсіз іске асырылады».

және түрлі пәндер бойынша білімін бағалау кезінде құқықтық аядан шығып кетті.²⁶ Сонымен қатар, физикалық мүмкіндіктері шектеулі және сезіну органдары бұзылған тұлғаларға қандай жағдайлар ұсынылатыны анық емес.²⁷

Талаптарға сәйкестігі анықталғаннан кейін, қалған жеті ұсынылушы өз кандидатураларын қолдауға қол қою парақтарын алуы тиіс болды. ОСК тізімді беру мерзімін бес күннен екі күнге дейін, және ТСК қолдарды тексеру мерзімін он күннен бес күнге дейін қысқарту фактісін оң деп атап өту керек. Алайда, кандидаттарды тіркеу мерзімдері кеш тіркелген өзін-өзі ұсынушыларға қол жинауға аз күн қалдырады.²⁸

Әрбір өзін-өзі ұсынушы барлық тіркелген сайлаушылардың кем дегенде бір пайызын (осы сайлау үшін 93,012) жинауы керек болды, тең көлемде облыстардың үштен екі бөлігінен болуы тиіс. Қолдарды тексеру үшін ТСК жергілікті органдармен бірігіп халықтың деректер базасы бойынша барлық жазбаларды салыстырды.²⁹ ОСК-ның қолтаңбаларды тексеру туралы 9 наурыз күнгі шешімінде ТСК үшін нұсқаулықтардың шектеулі саны қамтылады, және қолдардың қайталануы білдіретініне дегенге қатысты ешқандай түсіндірме жоқ.

Кандидаттарды тіркеудің анық, объективті және орынды өлшемдерін орнату үшін құқықтық базаға өзгерістер енгізілуі керек. Оның ішіне кандидатты қолдайтын адамдардың қолын куәландыру мен тілді еркін меңгеруін бағалау кіреді. Кандидаттарды ұсыну күніне қарамастан барлық Кандидаттарға тең мүмкіндік беру мақсатында олардың тіркелуіне берілген мерзімді қайта қарастыру қажет.

Сайлауға қатысуға үш үміткер тіркелді: олар - «Нұр Отан» партиясы ұсынған, үш күнде жиналып, тексерілген 560,523 қолтаңбамен ел президенті Н. Назарбаев, ҚКХП ұсынған, алты күн ішінде жиналып, тексерілген 98,384 қолтаңба жинаған Тұрғын Сыздықов, және Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы және «Нұр Отан» партиясының мүшесі, сегіз күннің ішінде жиналып, тексерілген 132,152 қолтаңба жинаған, өзін-өзі ұсынушы Әбілғазы Құсайынов.³⁰ Бір өзін-өзі ұсынушы сегіз күннің ішінде 40 000-ға жуық қол жинады. Қалған өзін-өзі ұсынушылар қол жинау парақтарын алмауды жөн көрді. Қалған қол жинау парақтары кандидаттарды ОСК процедуралары бойынша тіркегеннен кейінгі он күннің ішінде жойылды.

Осы сайлауда ешқандай Кандидаттардың есептік тіркеуден шығару болмағанына қарамастан, Сайлау туралы заң парапарлық қағидасына және 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының

²⁶ Бір үміткер өзінің 22 қате жіберіп, емтиханнан өтпегендігін ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ хабарлады, олардың 6 қатесі шығарма жазуда, ал қалғандары стилистикалық қателер болған. Сөйте тұра, тіл комиссиясы ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ емтиханда сегіз қатеге дейін жіберуге рұқсат екендігін, ал қалғандарының сынақтар жүйесі бойынша бағаланғандығын хабарлады. Аталмыш үміткер мұндай емтиханды ешқандай қате жасамай 2005 жылы тапсырды, ал 2011 жылы емтиханды тапсыра алмады. Конституциялық кеңес «тілді білудің жеткілікті деңгейі» фразасын «сауатты оқи және жаза білу, өз ойын оңай білдіру және көпшілік алдында қазақ тілінде сөз сөйлей білу» деп анықтады.

²⁷ 1991 ЕҚЫҰ Мәскеу Құжатының 41,1 тармағы ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерді «мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге» міндеттейді. Сондай-ақ 2006 жылғы Мүгедектердің құқықтары жөніндегі конвенцияның 29-бабын қараңыз.

²⁸ Мысалы, 15 наурыз күні сайлауға ұсынылған үміткер 20 наурызға қолтаңбалар ұсынуы тиіс болды. Аталған бес күндік мерзімде ұсынылушының сәйкестігін растауы (ол бес күнге шейін уақыт алуы мүмкін), қол қою парақтарын беруі (ол екі күнге шейін уақыт алуы мүмкін) және қолтаңбалар жинауы керек.

²⁹ Ішкі істер министрлігі Паспорт қызметінің, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, Көші- қон қызметінің және Прокуратураның деректер қорын қоса алғанда.

³⁰ Мысалы, Астана қаласының ТСК 12 сағат ішінде 27 420 қолтаңба тексеріп, 130 жарамсыз қолтаңба анықтады. Солтүстік Қазақстандық АСК 26 904 қолтаңбаны бір жарым күн тексеріп, 51 жарамсыз қолтаңба анықтады.

24 тармағына келіспей кандидаттардың ықтимал есептік тіркеуден шығаруына арналған кең критерийлермен қамтамасыз етуді жалғастыруда.³¹

Кандидат тек заңда нақты көрсетілген ауыр заң бұзушылық үшін тіркеуден шығарыла алатындығы қарастырылған заңға өзгеріс енгізу мәселесіне көңіл бөлген жөн.

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Сайлау науқанының ресми кезеңі кандидаттарды тіркеу тоқтатылғаннан кейінгі келесі күні, 26 наурызда басталды, және 24 сәуірге қараған түні аяқталды. Қызметтегі президент үгіт-насихатты жалғыз жүргізбеуді шешті. Осы кезектен тыс сайлауды өткізудің айтылған маңыздылығына қарамастан, үгіт-насихат науқаны негізінен байқалмай өтті, бәсекеге қабілеттілік жетіспеді және шамалы қоғамдық қызығушылық тудыру үшін жүргізілді. Үш кандидаттың болуы саяси әртүрлілік көрінісін құрғанына қарамастан, бұл жағдай сайлаушыларға саяси баламалар арасында шынайы таңдау ұсынған жоқ. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше мүшесінің айтуынша, олар қазіргі президентті қоспағанда, қалған кандидаттардың аттарымен немесе сайлау платформаларымен таныс емес.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 19 митингі бақылады: 10 - қазіргі президенттің атынан ұйымдастырылды; 6 - Құсайынов мырзаны қолдауға және 3 - Сыздықов мырзаны қолдауға ұйымдастырылды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның бірнеше мүшесінің айтуынша, олар қазіргі президентті қоспағанда, қалған кандидаттардың аттарымен немесе сайлау платформаларымен таныс емес. Қазіргі Президенттің сайлау платформасында экономикалық реформалар, саяси тұрақтылық, этносаралық келісім және әлеуметтік тұтастық ерекше аталды. Ол сондай-ақ Қызметтегі Президенттің жетістіктерін атап өтті және өркендеуге кепілдік берді. Сыздықов мырзаның сайлау платформасы әлеуметтік теңдікті құруға және батыс құндылықтарының теріс әсерін жоюға бағытталған. Құсайынов мырзаның сайлау платформасы экологиялық мәселелер мен өндірістік қауіпсіздікке ерекше назар аударады. Соңғы екі кандидат Қазақстанға қатысты саяси немесе экономикалық мәселелерді шешкен жоқ және ашық түрде президентті ел жетістіктері үшін ашық мадақтады. Барлық байқалған науқан оқиғалары бәсекеге қабілетті емес науқан ортасына әсер ете отырып, формальды және саяси пікірталассыз болды.

Ел президенті науқанға өзі қатыспайтыны туралы шешімін жариялады, алайда ол өзінің ресми қызметінде елді белсенді аралап жүрді. 26 наурыздан 18 сәуірге дейінгі аралықта президент қоғам өкілдері алдында көрмелерде, ауруханаларда, мәдени орталықтарда және Астана мен Алматының өндірістік зауыттарында, сондай-ақ, елдің жеті өңірінде 32 рет көрінді.³²

Бүкіл ел бойынша кандидат ретінде де, «Қазақстан-2050» және «Нұрлы Жол» бағдарламаларын ілгері жылжытушы мемлекет басшысы ретінде де президент бейнеленген плакаттар мен жарнамалық тақталарды байқауға болады. Қазіргі президенттің үгіт-насихат материалдары аталмыш мемлекеттік бағдарламаларды насихаттаушы материалдарға көзге түсетін ұқсастығымен ерекшеленеді. ОСК-ның ресми плакаттарын қоспағанда қалған екі кандидаттың үгіт-насихат материалдары байқалмайды.

³¹ Кандидатты тіркеуден шығару мүмкін себептеріне мыналар жатады: ресми немесе қызмет бабын пайдаланып үгіт-насихат жүргізу; тіркеуге дейін немесе тыныштық кезеңінде үгіт-насихат жүргізу; кандидат және/немесе оның сенім білдірілген адамдары арқылы басқа кандидаттардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның іскерлік беделін нұқсан келтіретін жалған ақпараттың тарату.

³² Президенттің www.akorda.kz ресми сайтына сәйкес, 2014 жылдың дәл сондай мерзімінде ол Астана мен Алматының қоғам өкілдері алдында үш рет көрінді.

«Нұр Отан» партиясының облыстың кеңселерінің басым саны мемлекеттік органдардың ғимараттарында орналасады. Барлық жергілікті әкімшіліктің өңірлік басшылары «Нұр Отан» партиясының мүшелері болып табылады. Университет ректорларын қоса алғанда, президент тағайындаған мемлекеттік шенеушілер қазіргі президентпен үгіт-насихат кездесулерде белсенді рөл атқарды. Қазіргі президенттің институционалдық артықшылығымен қатар бұл жағдай және оның мемлекеттік шенеушілердің кең массасын тарту фактісі мемлекет пен партияның арасындағы шекті бұзды, ол ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 5.4 тармағындағы ережелерге қайшы келеді.³³

Басқарушы билік кандидаттардың сайлау мақсаттары үшін өз өкілеттіктерінің артықшылығын шамадан тыс пайдаланудың алдын алу үшін мемлекет пен партия арасындағы нақты шекті қамтамасыз ету мақсатында сақтық шараларын әзірлеуі тиіс. Партия мен сайлау кеңселерін мемлекеттік институттары бар ғимараттарда бірге орналастырмауға кеңес беріледі.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ студенттер мен компания қызметкерлерінен басшылардың қазіргі президенттің сайлау науқанына, үгіт-насихат іс-шараларына қатысу және оған дауыс беру туралы ұйғарым бергендері туралы ақпарат алды.³⁴ Сайлаушыларды қатысуға ынталандыратын бірқатар бастамалар болды, олар президенттің тиісті мандатын қамтамасыз ету үшін жоғары қатысушылықтың маңыздылығын ерекше атады. Бірқатар сұхбаттасушылар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ды жергілікті органдардың және университет басшыларының жоғары қатысушылықты қамтамасыз ету мақсатында тәртіптік шаралардың сәтсіздігі немесе қаржылық жәрдемақылар шығынын байланыстыра келе электоратқа қысым жасау үшін әкімшілік ресурстарды қолдануының бірқатар дәлелденген жағдайлары туралы хабарлады.³⁵ Бұл жағдай сайлаушылардың еркін, «жазалану қорқынышсыз» дауыс беру мүмкіндігін күмәндандырады, ол ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 7.7 тармағы бойынша талап етіледі.³⁶

Сайлаушылар өз дауыстарын «еш қорқынышсыз» бере алатындығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолданылуы тиіс. Жоғарғы лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметкерлерге қысым көрсетілмейтіндігі және ешбір азамат саяси партияны немесе үміткерді қолдағаны немесе қолдамағаны үшін өзінің жұмысынан немесе әлеуметтік жеңілдіктерінен айырылатындығынан қорықпау керектігі туралы анық мәлімдеме берулері керек.

Конституция бойынша жиналыстар еркіндігіне кепілдік берілсе де Бейбітшілік жиналыстары жөніндегі Заң жариялы жиналыстар өткізу бойынша бірқатар шектеулерді қамтиды. Жариялы іс-шараны өткізу датасына он күн қалғанда, өткізілетін іс-шараның сипаты мен ұйымдастырушылары туралы ақпаратты қоса қамтитын өтінім тиісті жергілікті атқарушы органдарға ұсынылуы тиіс. Рұқсатты сұрау міндеті халықаралық стандарттар мен тиісті

³³ ЕҚЫҰ/1990 жылғы Копенгаген Құжатының 5.4 тармақшасында «мемлекет пен саяси партиялар арасындағы нақты шекара; атап айтқанда, саяси партиялардың мемлекетпен бірікпеуі» көзделген қағида қамтылған.

³⁴ Алматы қаласы, Қостанай, Маңғыстау және Жамбыл облыстары.

³⁵ Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Жамбыл облыстары, сондай-ақ, Алматы қаласы.

³⁶ ЕҚЫҰ/1990 жылғы Копенгаген Құжатының 7.7 тармағында «ЕҚЫҰ қатысушы елдері онда ешқандай әкімшілік әрекеттердің, қорқытулардың партияларға және кандидаттарға өз пікірлері мен біліктіліктерін еркін ұсынуда кедергілер келтірмейтіндігін, және сайлаушыларға жазалану үрейінсіз талқылауға немесе өз дауысын беруге кедергі жасамайтын заңның және саяси қоғамдық жұмыстың сайлау алды кампаниясының әділ және еркін атмосферада өткізілуін қамтамасыз етуге кепіл беруі тиіс» екендігі көзделген.

тәжірибеге сәйкес келмейді.³⁷ 2015 жылы көшелік іс-шаралар өткізуге бірде-бір өтініш берілген жоқ. Жиналыстар еркіндігін шектеу бейбіт жиналыстар арқылы саяси пікір білдірудің тоқтауына әкеп соқты.

Ашық науқан өткізуге жағдай жасау мақсатында және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы ұсынымдарына сәйкес «Бейбіт жиналыстар туралы» заңға қазіргі рұқсат алу талабының орнына жоспарланбаған жиналыстардан басқарларына қарапайым хабарлама жіберу рәсімін талап ететіндей өзгерістер енгізу керек.

7 сәуірден бастап президенттікке кандидат бола алмағанның басшылығымен президент әкімшілігіне қарама-қарсы жерге қазіргі президентпен кандидат ретінде кездесуді талап еткен бір топ азамат жиналды. Аталмыш кандидатты және бір журналистті қоса алғанда, бірқатар адамды митингке байланысты қамауға алды, ол бейбіт жиналыстарға құқықтардың сақталу мәселесіне күмән туғызады.³⁸

IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау туралы заңда әр кандидатқа өзінің сайлау науқанын қаржыландыруға тең мемлекеттік қаражат ұсыну кепілдендірілген. Сондай-ақ, жеке қаржыландыру рұқсат етілген, оған кандидаттың өз қаражаты, азаматтар мен заңды тұлғалар енгізетін қайырымдылық көмегі, сондай-ақ, кандидатты ұсынған ұйымдар бөлетін қаражат кіреді.³⁹ 35 Өзін өзі ұсынған кандидаттың соңғы көрсетілген қаржыландыру көзіне құқығы жоқ болғандықтан, оның алатын және жұмсайтын қаражаты партиялар ұсынған кандидаттардың қаражатынан айырмашылығы болады.⁴⁰ Бұл жағдай ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 7.5. параграфына қайшы келеді, онда өзін-өзі ұсынушылар мен партиялардан ұсынылушыларға тең құқықтар беру қарастырылған.⁴¹ Анонимді және шетелдік қайырымдылықты қоса алғанда өзге көздерге тыйым салынады.

Тәуелсіз үміткерлер мен партия немесе басқа қоғамдық бірлестік атынан ұсынылған үміткерлер арасындағы тең ойын ережелерін орнату тәсілі ретінде барлық үміткерлер үшін бірдей ақша салу шегі болатындай науқанды қаржыландыру ережелерін өзгерту мәселесіне көңіл бөлген жөн.

³⁷ ЕҚЫҰ 1990 жылғы Копенгаген Құжатының 9.2 тармақшасында «әр адамның бейбіт жиналыстарға және шерулерге құқығы бар. Мұндай құқықтарды пайдалануға қойылуы мүмкін кез келген шектеулер заңмен орнатылуы және халықаралық стандарттарға сәйкес болуы тиіс» екендігі көзделген. БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің № 25 Жалпы тәртібі ескертулерінің 12-тармағына сәйкес «Өз ойын білдіру, жиналыстар мен ұйымдар құқығы дауыс беру құқығын тиімді пайдаланудың ажырамас шарты болып табылады және оған толық қорғау қамтамасыз етілуі тиіс». 2010 ЕҚЫҰ / ДИАҚБ және Венеция комиссиясының Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі басшылықтың 4.1 тармағы бойынша кез келген «құқықтық ереже жиналыс ұйымдастырушына рұқсат беру сұранысынан гөрі ниеті туралы хабарлама жіберуді талап етуі керек» деген кеңес береді. Сондай-ақ, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің «Бейбіт жиналыстар мен митингтер бостандығы құқығы жөніндегі арнайы баяндамашысы туралы есепті» қараңыз (16 маусым 2015жыл), А/АҚК/ 29/25/2 Қосымша, 59 тармақ.

³⁸ Есенбек Үктешбаев «Халыққа баспана қалдырайық» қоғамдық бірлестігімен бірге.

³⁹ Үміткерлердің жеке қаражаттары 107 миллион теңгеден (шамамен 535,000 Еуро), қайырымдылық салымдар 320 миллион теңгеден (1.6 миллион Еуро), ал ұсынушы ұйымдардан алынған қаражаттар 150 миллион (750,000 Еуро) аспауы тиіс.

⁴⁰ Партиямен ұсынылған президент Назарбаев және Сыздықов мырза әрқайсысы 577 миллион (2.9 миллион Еуро) алуы мүмкін. Ал өзін өзі ұсынушы Құсайынов мырза 427 миллион (2.1 миллион Еуро) алуы мүмкін.

⁴¹ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.5 тармағы Қатысушы мемлекеттерге «кемсітусіз жеке немесе саяси партиялардың немесе ұйымдардың өкілдері ретінде саяси немесе мемлекеттік лауазымға ұмтылатын азаматтардың құқығын құрметтеуді» міндеттейді.

Науқан қаражаты ОСК ашқан арнайы банк шоты арқылы басқарылуы қажет. The ОСК банктардың апта сайынғы есептерінің және сайлау өткен соң бес күннен кейін ұсынылатын әрбір кандидаттың сайлауалды науқанына шығындары туралы бір есебінің негізінде сайлауалды науқанның қаржыландырылуын бақылау үшін жауапты. Кандидаттардың есептерді ұсынуына немесе ОСК-ның сайлауалды науқанды сайлау күніне дейін қаржыландыру туралы ақпаратты жариялауына қойылатын қандай да бір талап жоқ. Бұл жағдай кандидаттарды қаржыландырудың ашықтығын және сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігін шектейді.⁴²

Сайлау күніне дейін сайлаушылардың дауыс беруінің алдында оларды науқанның қаржылануы туралы хабардар ету үшін аралық қаржылық есеп ұсынып, оны басып шығаруды талап ету мәселесі қарастырылуы тиіс.

Заң сайлауды жариялаған сәттен бастап қайырымдылық акцияларын өткізуге тыйым салады.⁴³ 17 наурыз күні президент Назарбаев «Жібек жолы әлемдік премиясына» қаламақы ретінде алған 111,576,000 қазақстандық теңгені (557,880 Еуро) «Қайырымдылық» ерікті қоғамына және Мемлекеттік тілді дамыту қорына берген.⁴⁴ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ге ОСК хабарлағандай, президенттің бұл әрекеті оның ресми қызметіндегі жасаған әрекеті ретінде қарастырылады. Бұл қадам мемлекет пен кандидат арасындағы шекті бұзады.

Сайлау науқанының қаржы ережелерін бұзғаны үшін санкциялар кез келген бұзушылық жасағаны үшін кандидаттарды тіркеуден шығару және нәтижелерін жарамсыз деп тануды қамтамасыз ететін Сайлау туралы заңда айыппұл үшін 99.000 KZT дейінгі соманы қарастыратын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген.⁴⁵ Сайлау туралы заңда өлшемдер мен парапарлық шараларының болмауы жанама шешімдерге әкелуі мүмкін.

Науқанды қаржыландыру ережелерін жасалған заң бұзушылық үшін қолданылатын нақты және сәйкес санкцияларды енгізу арқылы күшейтуге болады.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша барлық үш кандидат құқықтық мерзімді қанағаттандыра отырып, сайлау нәтижелерін жариялағаннан бастап бес күн ішінде ОСК-ға қаржылық есептерін ұсынды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлау науқаны қоры басқа кандидаттарға қарағанда көбірек болғанымен, кандидаттардың ешқайсысы жарна немесе шығын лимитіне жетпеді. ОСК тарапынан науқан ережелеріу бұзу анықталмады. Сайлау туралы заңның 34,4 бабы ОСК-ға сайлау нәтижелерін жариялаған күннен бастап он күн ішінде әр кандидаттың қаржыландыру мөлшері мен көздері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды талап етеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ мониторингі ақпарат осы мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында оңай қол жетімді емес екенін көрсетті. Кейін ОСК веб-сайтында орналастырылған ақпарат науқан жарналары сомасы мен көздері немесе науқаны

⁴² 2003 жылғы БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясының 7.3 бабы мемлекеттерді «тиісті заңнамалық және әкімшілік шаралар қабылдай отырып ... сайланған қоғамдық кеңсеге арналған кандидатураларды қаржыландыру ашықтығын күшейтуді қарастыруға» шақырады.

⁴³ Сайлау туралы заңның 27.9 бабында сайлауды жариялау сәтінен бастап үміткерлерге «көңіл сауықтырушы және спорттық іс-шаралардан басқа қайырымдылық қызметін жүргізуге тыйым салынады». http://www.akorda.kz/en/page/page_219393 сайтына қараңыз

⁴⁴ ⁴⁵ Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 116, 117 және 125 бартары және Сайлау туралы заңның 34 бабы.

шығыстары мөлшері мен мақсаттары туралы толық ақпарат берген жоқ.⁴⁶

Ашықтықты арттыру үшін Сайлау туралы заңға толық қаржылық есептер көпшілікке қолжетімді болып, ОСК веб-сайтында жариялану керектігін қамтитын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ОРТАСЫ

БАҚ ортасы тәуелсіз көздердің жалпы жетіспеушілігі және мен өз ойын білдіру бостандығына барынша қауіп төндіретін қоғамдық пікірталастарды тудыратын шек қоюшы құқықтық база ықпалынан зардап шегеді. Тіркелген 2500-ден астам бұқаралық ақпарат құралдары барына қарамастан, олардың ең көбі жеке меншік, бірқатары ішінара шағын жарнама нарығына байланысты мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді болып табылады. Жетекші бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік болып табылады немесе билеуші партияға толық қосылған деп саналады. Сонымен қатар Ресей телеарналарының бірқатары жоғары сұранысқа ие. Қазақстанда ешқандай мемлекеттік қызметтегі хабар таратушы бағдаламалар жоқ.

Түрлі пікір ұсынатын тек бірнеше тәуелсіз БАҚ көздері бар; әсіресе тәуелсіз саяси ақпараттың негізгі көзі ретінде қызмет ететін телеарна көздері арасында тәуелсіз көзқарастар жетіспейді. БАҚ-ты жабу мен интернет сайттарды бұғаттауды қоса алғандағы көптеген санкциялар шектеулі редакциялық тәуелсіздік және саяси плюрализмі жоқ БАҚ ортасына ықпал етті.⁴⁷ Құқықтық әрекеттері және басқа да қорқыту нысандары БАҚ-тың еркін хабарлауға қабілетін шектейді.

Мемлекеттік органдар сайлау кезеңдер арасында және кезінде, бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің қызметіне қандай да болмасын араласудан бас тартуы керек. БАҚ шамадан тыс немесе ерікті сот істері және пропорционалды емес әкімшілік іс-әрекеттерді қоса алғандағы кез келген қорқыту немесе қысымға тәуелсіз жұмыс жасауға қабілетті болуы тиіс.

B. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Конституция бойынша пікір білдіру еркіндігіне кепілдік берілгеніне және цензураға тыйым салынғанына қарамастан, Қылмыстық кодексте жала жабу мен қорлау туралы ережелер сақталады, олар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және ЕҚЫҰ-ның БАҚ еркіндігі жөніндегі өкілі берген

⁴⁶ ОСК веб-сайтында ақпаратқа сәйкес: Президент Назарбаев теңге 572 млн KZT, Сыдықов мырза 284 млн KZT және Құсайынов мырза 69 млн KZT жұмсады. Президент Назарбаев қайырымдылық салымынан 320 млн. алды және ол өз қаражатынан сайлау науқанына 106 млн. берді. Ол өзін ұсынған партиядан 150 млн KZT көлемінде қаражат алған жалғыз кандидат болды. Сыдықов мырза 283 млн KZT сайлау қоры тек қана қайырымдылық салымынан тұрды, ал Құсайынов мырзаның сайлау қоры 69 млн KZT құрады, оның 56 миллионы қайырымдылық салымынан болды.

⁴⁷ ЕҚЫҰ БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі өкілінің есебі. мына мекенжай бойынша қолжетімді: қараша 2014 жыл <http://www.osce.org/fom/127436>, сәуір 2014 жыл <http://www.osce.org/fom/117595>; және қыркүйек 2013 жыл <http://www.osce.org/fom/105946>. Сондай-ақ мынаны қараңыз: 1994 БҰҰ АҚК «Қазақстан бойынша қорытынды бақылаулар» (19 тамыз 2011 жыл), ССРР/С/КАЗ/СО/1, 25 тармақ. 1994 ЕҚЫҰ Будапешт құжатының 36 тармағы (Адами өлшем) «тәуелсіз және плюралистік ақпарат құралдары еркін де ашық қоғам және үкіметтің есептік жүйелері үшін өте маңызды» деп мәлімдейді.

ұсыныстарға қайшы келеді.⁴⁸ Кодекс жалған ақпарат таратуға қатысты ережені де қамтиды, ол үшін он жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Азаматтық кодекстің жала жабуға қатысты елеулі айыппұлдарға әкеп соғатын жиі қолданылатын ережелерімен үйлесе отырып, нормативтік-құқықтық ая өзін-өзі сынауды шарттастырады және сөз еркіндігін шектейді.⁴⁹

Қылмыстық диффамация ережелері талапкерге өтемақы төлегеннен немесе айыпталушыны жазалаудан гөрі зиян шеккен беделін қалпына келтіруге арналған азаматтық санкциялар пайдасына алынып тасталуы тиіс. Санкциялар келтірілген зиянға қатаң түрде сай болуы тиіс және мүлдік емес құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалану басым болуы тиіс.

2009 жылғы БАҚ Заңына түзету тұрақты БАҚ нәтижелері секілді осылайша БАҚ-қа байланысты регламенттер мен санкциялар үшін мәселеге айнала отырып, (блогтар, чаттар, және веб-форумдарды қоса алғанда) веб-сайттарды жіктеді. Әрі қарай Байланыс туралы заңға 2014 жылғы түзету прокурорға егер веб-сайттар жеке адамдарға, қоғам мен мемлекетке «зиянды» ақпарат таратса немесе «экстремистік» әрекеттерге шақыруларды қамтыса веб-сайттарды уақытша жабуға мүмкіндік береді. Бірнеше ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары алдағы уақытта бұл түзетулердің қоғамдық пікірталастарды басып тастауға қолданылуы мүмкін екеніне алаңдаушылық білдірді.

Ақпараттандыру туралы заң мемлекеттік органдарды мемлекеттік ақпараттандыру саясатын іске асыруға міндеттейді. Ақпараттандыру лицензиялары Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі жанындағы комитет арқылы беріледі. Инвестиция және Даму министрлігінің (БАҚ Комитеті) жанындағы Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті секілді тағы бір мемлекеттік орган хабар тарату құралдарын бақылау үшін жауапты болып табылады. Реттеуші органдар кең дискрециондық өкілеттікті қамтамасыз етсе, санкцияларды қоса алғанда, осы өкілеттіктерді орындауға арналған бірнеше нақты рәсімдер бар. Сонымен қатар, заң қадағалау органдарының қоғамдық есебін қарастырмайды.

Қоғамдық ашық түрде лицензия беруге, сонымен қатар сайлау науқанынан тыс және сайлау науқаны кезінде хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауға құқылы тәуелсіз кәсіби бақылау органын құру мәселесіне көңіл бөлген жөн. Бақылау қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының заңға сәйкестігін көрсететін айқын әдіске негізделген мониторингті қамтиды. Бұған қоса, органның жарамды, тиісті және тиімді санкция салу тетігі болуы тиіс.

Сайлау туралы заң бұқаралық ақпарат құралдарын сайлау науқандарын объективті жариялауға және кандидаттар мен саяси партияларға бұқаралық ақпарат құралдарына тең қол жетімділікті кепілдендіруге міндеттейді. Әрбір кандидатқа телевизияда 15 минут және радиода 10 минут эфирлік уақыт, сондай-ақ, баспа басылымдарында екі мақала жариялауға қаржы бөлінеді.⁵⁰ Әр кандидатқа ұсынылған кез келген эфирлік уақыт, жаңалықтарды қоспағанда, үгіт нақаны болып есептеледі және оны кандидаттар төлеуі тиіс. Заң ақылы жарнамаға шектеу

⁴⁸ АСҚХП 19-бабына жасалған № 34 жалпы тәртіптегі 2011 жылғы БҰҰ АҚК 47-тармағын қараңыз. Конституцияның 46,1 бабы 1966 жылғы АСҚХП 19,2 бабына және 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 9.1 тармағына қайшы болып табылады. Сондай-ақ 2014 жылғы маусымдағы ЕҚЫҰ-ның БАҚ-ты қорғау мәселелері бойынша өкілін қараңыз, мына мекенжай бойынша қолжетімді: <http://www.osce.org/fom/119562>.

⁴⁹ Азаматтық кодекстің 143 және 187 бабы. Азаматтық арыздарда жала жабу үшін салынатын соманың ең үлкен мөлшері қарастырылмайды.

⁵⁰ Сыздықов мырза мен Құсайынов мырза тиісінше 16 және 17 сәуірде таңертең сағат 11.00-де Хабар телеарнасындағы өздерінің телеарнадағы эфирлік уақытын пайдаланды, Президент Назарбаев оны сайлау науқанының соңғы күні, яғни 24 сәуірде Қазақстан Теледидар мен Хабар телеарналарында сағат 21:30-да (эфирлік уақыт) пайдаланды.

қарастырмайды, ол тек сайлау науқанына кететін шығындарға қойылған жалпы шектеулермен ғана шектеледі.

Сайлау туралы заңның 27-бабы (7) БАҚ-қа «кандидаттың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін» ақпарат таратудан аулақ болуды талап етеді. Сонымен қатар, бұл ереже осы талаптың бұзылуын не қарастыратынына байланысты қандайда бір анықтама бермейді, осылайша бұл сөз бен пікір бостандығына арналған адам құқығын бұзу түрінде қолданылуы мүмкін.

Бұрын ұсынылғандай, билік басындағылар заңнан сыни және қызу пікірталас өткізуге кедергі жасауы және өз еркімен қолданылуы мүмкін тұжырымдарды алып тастау мәселесін қарастыру керек.

ОСК БАҚ-тың Сайлау туралы заңға сәйкес әрекет етуі үшін жауапты. ОСК аталмыш міндетті Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен (БАҚ мәселелері жөніндегі комитет) ынтымақтастықта атқарады. БАҚ мәселелері бойынша комитет кандидаттарды түрлі БАҚ-та көрсетуіне (45 телеарна және 232 газет) және бірқатар онлайн көздеріне (117 саяси веб-сайттар және YouTube және әлеуметтік желілерді қоса алғандағы әр түрлі қауымдастық пен қоғамдық тұлғалардың 450 веб-сайттары) сандық сараптама жасайды. Бұл ретте көрсетілім екпініне талдау жүргізілмегенімен, ықтималды жала жабу арыздарын анықтауға көңіл бөлінді. Көпшілік алдында хабарлағандай БАҚ мәселелері жөніндегі комитет қандай да бір БАҚ бұзушылықтардың таппады.

С. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МОНИТОРИНГІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ-қа жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша, көрсетілетін БАҚ-та сайлау науқанын көрсету байқалды, бірақ теңдестірілмеген болды.⁵¹ Кандидаттарға тең көрсетілім ұсынылғанымен, президент өзінің ресми лауазымында қосымша кеңінен көрсетілу мүмкіндігін алды, бұл оған артық жағдай ұсынды және теңсіз жағдайлардың туындауына ықпал етті. Жалпы, қазіргі президентті басқа кандидаттарға қарағанда екі есе артық көрсетті.

Мемлекет қаржыландыратын «Қазақстан» және «Хабар» арналары прайм-таймға шығатын жаңалықтар шығарылымының саяси блогының айтарлықтай бөлігін үш кандидатты көрсетуге бөлді: 20 пайыздан 18 пайызға дейін Сыздықов мырзаға, 19 пайыздан 18 пайызға дейін Құсайынов мырзаға, 15 пайыздан 14 пайызға дейін Назарбаев мырзаға. Осылайша көрсету оң және бейтарап бояу берді. Дегенмен, бұл екі арна да әдетте прайм-таймға шығатын жаңалықтар шығарылымын ресми қызметіндегі президентке арналған репортаждардан бастап отырды, онымен саяси жаңалықтарда көрсетудің 26 және 31 пайызды қосымша бөлді. Бұл репортаждар оң және бейтарап бояуда болды.

Мониторинг жүргізілген телеарналардың көбі, және мемлекет қаржыландыратын екі ресми газет ұқсас үлгіні ұстанды, бұларда да қазіргі президенттің ресми қызметі туралы ақпарат басым болды (бұл Бірінші Еуразия арнасында неғұрлым басым байқалды: 37 пайыз). СБМ мониторинг жүргізген бірқатар БАҚ өзінің назарын өкіметтің (президент, үкімет, жергілікті билік және ОСК) жұмысы туралы ресми ақпаратқа ғана аударып отырды. Атап айтқанда, бұл әдіс президентті кеңінен көрсеткен бақылаудағы барлық БАҚ-та байқалды (бұл www.nur.kz

⁵¹ 28 наурызда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жеті каналды сандық және сапалық тұрғыдан тексеруді бастады: «Қазақстан» және «Хабар» (мемлекет есебінен қаржыландырылады), «Бірінші канал Еуразия» (негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылады), «Астана», Жетінші канал, 31 канал және КТК (жеке каналдар); бір радиостанция: «Қазақ радиосы» (мемлекет есебінен қаржыландырылады), үш электрондық БАҚ және бес газет: «Егемен Қазақстан». «Казахстанская правда» (мемлекетпен қаржыландырылады), «Караван». «Время» және «Жас Алаш» (жеке газеттер).

сайтында ерекше байқалады: 61 пайыз), ал басқа кандидаттар бойынша ақпарат көп жағдайда болған жоқ. Жас Алаш газеті Президент пен басқарушы билікті басым сынға алумен бірге түрлі көзқарас көрсеткен жалғыз ғана бақыланатын БАҚ көзі болды.

Сайлауалды науқан ұлттық және жергілікті деңгейдегі БАҚ-та байқалғанына карамастан, оларда пікірсайыстар немесе сұхбат алу көрсетілген жоқ, және тереңдетілген талдау болған жоқ дерлік. Сонымен қатар, ОСК Сайлау туралы заңды кандидаттарға жаңалықтар аясынан тыс уақытта эфирлік уақытты беруді үгіт-насихат ретінде қарастырып және оған ақы төленуге тиісті деп түсіндірді. Бұл жағдай БАҚ-тың тең мүмкіндіктер қағидасын қатаң сақтаудағы өз рөлін түсінумен үйлесімділікте редакциялық еркіндікті шектеді, және талдамалы көрсетуге немесе қоғам тарапынан сыни талқылауды одан сайын азайтты. Сайлау науқаны туралы толық ақпараттың жоқтығы сайлаушылардың негізделген таңдауын білдіру мүмкіндігін шектеді.

Сайлау туралы заңға бұқаралық ақпарат құралдарын сайлаушыларға науқан жөнінде әр түрлі және талдамалы ақпарат беруге ынталандыратын өзгерістер енгізуге болады. Сайлау науқанын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету форматы мен сайлауға байланысты ақы төленген материал бойынша шешімдер тек бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялық саясатына сәйкес қабылданады.

Мемлекет қаржыландыратын сауда нүктелерін қоса алғандағы хабар тарату және баспа құралдары іріктемелі түрде түрлі бақылау топтарының сайлауды бағалауын қамтыды. Сайлау күнін бақылап жатқан жеке шетел саясаткерлерінің оң пікірлері жиі эфирге беріліп жатқанда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ алдын ала нәтижелер мен тұжырымдары қаралған да немесе іріктеліп аталған да жоқ. Бұл азаматтардың сайлауды өткізу туралы теңдестірілген және объективті ақпарат алу мүмкіндігін шектеді.

XI. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Сайлау процесіне қатысты шағымдар мен өтініштер шешім, әрекет немесе әрекетсіздік күнінен бастап он күн ішінде сайлау комиссиясына да, сотқа да берілуі мүмкін. Соттар барлық шағымдарды бес күннің ішінде қарастырылуы керек немесе сайлауға бес күннен кем уақыт қалған жағдайда дереу қарау керек. Сайлау комиссиялары шағымдарды үш күн ішінде қарау керек.

Сайлау туралы заң шағымдар мен өтініштерге үш жағдайда арнаулы юрисдикция ұсынады: кандидатты тіркеу жөніндегі ОСК шешімдеріне қарсы шағымдар Жоғарғы Сот арқылы берілуі керек; Президенттікке үміткерлердің Жоғарғы Сот арқылы жеңімпазды ОСК-ның жариялаудан бас тартқаны үшін шағымдана алады; және қорытынды нәтижелер Конституциялық Кеңестен бұрын даулануы мүмкін.⁵² Президент, премьер-министр, қос парламент палаталарының спикерлері немесе парламент мүшелерінің бестен біріне ақырғы нәтижелерге шағымдану құқығына шектеу қойылған. Соңғы сайлау нәтижелерін шағымдану құқығын шектеу халықаралық озық тәжірибеге сәйкес келмейді.⁵³

Сайлау туралы заңға сайлаушыларға өз аймағында сайлау нәтижелері бойынша шағым беруге және сайлауға қатысқан үміткерлерге Конституциялық кеңеске апелляция беруге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілуі керек.

⁵² Сәйкесінше, 59,8, 66,3 баптар және Сайлау туралы заңның 68,1 бабы.

⁵³ Сайлау мәселелері бойынша озық тәжірибенің 2002 Венеция комиссиясы кодексінің П.3.3.f бөлімі «Барлық үміткерлер және тиісті сайлау округы бойынша тіркелген барлық сайлаушылар шағым беруге құқылы болуы тиіс» дегенді ұсынады. Дәлелді кворум сайлау қорытындылары бойынша сайлаушылар шағымы үшін тағайындалуы мүмкін.

Заңға сәйкес шағымдарды қарау мәселелері бойынша соттардың сайлау комиссиялары үстінен басым құқыққа ие екендігі айдан анық. Алғашқы инстанция соттары және барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары шағымдарды қарауға құқылы, бұл бір шағымды бірнеше органға беру мүмкіндігін туғызады. Сайлау туралы заң, Азаматтық іс жүргізу кодексі және Қылмыстық кодекс әрқайсысы өз алдына сайлауға байланысты дауларды қарау үрдісінің түрлі аспектілерін реттейді.⁵⁴ Бірнеше ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сұхбаттасушылары сайлау комиссияларының түрлі деңгейлеріне қарсы шағымдарды тыңдауға соттың құзыретті болуы секілді түрлі ойларын білдірді. Апелляциялық процедурада айқындылықтың болмауы және заң құзыретіндегі әлеуетті қақтығыстар ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес талап етілетін тиімді құқық қорғау тәсілімен қамтамасыз етпейді және озық тәжірибеге сәйкес келмейді.⁵⁵

Құқықтық нақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бірден-бір, сатылы үдерісті орнату арқылы қосарлы юрисдикцияны жою және сайлауға байланысты шағымдар мен апелляциялар беру үдерісін жеңілдету үшін құқықтық негіздерге өзгерту енгізу қажет. Әр түрлі заңдардағы барлық шағымдар мен апелляцияларға байланысты ережелер «Сайлау туралы» заңда біріктірілуі немесе нақты және жан-жақты көрсетілуі керек.

Сайлау күнтізбесі арқылы белгіленген мерзімдерді ескере отырып шағымдар мен өтініштерді беру мерзімдеріне қатысты жүйеліліктің болмауы себебінен уақтылы және тиімді құқықтық қорғау құралдарының ықтималдығына нұқсан келуі мүмкін. Сайлау процесінің негізгі аспектілері бойынша шағымдар, оның ішінде кандидатты тіркеу тіркеу бойынша шағымдар сайлау күнінен кейін де шешілмей қалуы мүмкін.⁵⁶ Сондай-ақ, жеңіске жеткен кандидатты ОСК ресми түрде тіркеген соң сайлау күші жойылуын сұрайтын апелляция беруге ағымдағы мерзімдер мүмкіндік береді.⁵⁷ ОСК қорытынды нәтижелерін 28 сәуір күні жариялады және 29 сәуірде президент салтанатты түрде қызметіне тағайындалды, екі оқиға да қорытынды нәтижелерге қарсы шағым беру мерзімі аяқталмастан бұрын өтті.

Уақтылы және тиімді құқық қорғау шараларына кепілдік беру үшін шағымдар мен апелляциялар беру мерзімін өзгерту қажет. Сайлау нәтижелері жария етілген уақытта ОСК жеңімпаздарды ресми түрде тіркеуінің алдында шағымдар бойынша барлық мәселелердің шешілуі қамтамасыз етілуі керек.

⁵⁴ Мысалы, Астана қаласының аудандық соты ОСК қатысты барлық шағымдарды қарау юрисдикциясына ие, сонымен бірге Сот төрағасының сөзіне сәйкес үміткерлерді тіркеу бойынша шешім шығару юрисдикциясына да ие. Алайда, Сайлау туралы заңда үміткерлерді тіркеуге қатысты шағымдар Жоғары сотқа тапсырылады деп көрсетілген. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сөйлескен адамдардың, сонымен бірге ОСК өкілдерінің сөзі бойынша, аудандық соттардың шешімдерін төрағалық етуші сот ұйғаруы бойынша ғана даулауға болады.

⁵⁵ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 5.10 тармағы «негізгі құқықтарды құрметтеуге кепілдік және заңды тұтастығын қамтамасыз ету үшін әр адам әкімшілік шешімдерге қарсы өтемақының тиімді құралдарына ие болады» делінген. Сайлау мәселелері бойынша озық тәжірибенің 2002 Венеция комиссиясы кодексінің II.3.3.с «заң құзыреті қақтығысын (оң немесе теріс болсын) болдырмау үшін апелляциялық рәсім, атап айтқанда әр түрлі органдардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктері нақты түрде заңмен реттелуі тиіс. Шағымданушы тарап та, басқарушы билік те апелляциялық органды таңдай алатын болуы тиіс». дегенді ұсынады.

⁵⁶ Мысалы, тіл бойынша тест қорытындыларын қоса алғанда кандидаттардың біліктілік белгілері бойынша ОСК шешімдеріне қарсы шағымдарды 11 сәуірге дейін, сондай-ақ қолдау үшін қойылған қолдарды ұсынудың соңғы мерзімінен және ресми сайлау науқаны басталған уақыттан және 26 сәуірден кейін шешілетін кандидатты тіркеу туралы шағым беруге мүмкіндік жасалғаннан кейін шешуге қалдырылған жөн.

⁵⁷ Сайлау туралы заңның 68,1 бабы сайлау өтініштер «сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде» тіркеле алады деп мәлімдейді, ал 66,1 бабы ОСК-ға «сайлау күнінен бастап жеті күн ішінде сайланған президентті тіркеуге» өкілеттілік береді.

Осы сайлауға бірнеше ресми шағымдар келіп түсті. Сайлауалды кезеңде сотқа алты шағым берілді: үш шағым кандидаттарды тіркеуге қатысты болды, бір шағым президенттің кезектен тыс сайлау өткізу туралы жарлығының заңдылығына қатысты берілді және бір шағым сайлау комиссиясын қалыптастыруға байланысты болды және бір шағымды өзінің есімі сайлаушылар тізімінен алынып тасталды деп ойлаған азамат берген болатын. Барлық шағымдар негізсіз деп қайтарылды. Сайлау күні немесе сайлау күнінен кейін сотқа ешқандай шағым берілген жоқ. Осы уақытқа дейін ОСК-ға бірде-бір шағым берілген жоқ.

Сайлау үрдісінің бұзылуы туралы арыздар прокуратураға да берілуі мүмкін. Прокуратура өз бастамасы бойынша заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында БАҚ-қа, интернетке және әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізеді. Сайлау ережелерін бұзғаны үшін жазалар айыппұлдарды, түзеу жұмыстарын және жеті жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді. Бас прокуратура Фейсбук әлеуметтік желісіндегі комментарийлер үшін екі тұлғаға ескерту берді, олар екі кандидат - президент Назарбаевтың және Сыздықов мырзаның арнамысын таптау әрекеттеріне қатысты болды. Мұндай ескертулер өз ойын білдіру бостандығы мәселесін көрсетеді. Бүкіл үрдіс барысында сайлаушылар тізіміне бастапқыда қосылмай қалған жұп атауын сайлаушы тізіміне енгізу үшін дереу әрекет еткен прокурор бір шағым тіркеді.

ХІІ. САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ

Сайлау туралы заң азаматтар және халықаралық бақылаушылар, сондай-ақ тіркелген кандидаттардың сенімді өкілдері тарапынан бақылауды қарастырады. Сайлауды бақылау жөніндегі республикалық мемлекеттік комиссия әрбір сайлау учаскесіне бақылаушыларды тағайындауға арналған жоспарлар туралы хабарлады (9500-ге жуық бақылаушылар). ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бірнеше сұхбаттасушылары бақылаушылардың бұл тобының тәуелсіздігіне күмән келтірді, бұл ретте оны қаржыландырудың ашықтығының жоқтығына сүйенді. Азаматтық топтардың ешбір басқа тобы сайлауға бақылау жүргізбейді, нақты бәсекелестік болмағандықтан осындай бақылаудың қажеттігінің жоқтығын және сайлауды мерзімінен тыс сайлауды хабарлаудың нәтижесі болған қысқа мерзіммен шарттасылған қаржылық мүмкіндіктердің жоқтығын алға тартты.

Сайлау күні ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ қатысқан сайлау учаскелерінің 63 пайызында (үштен екісі РРССЕ болды) және 77 сайлау нәтижелерін анықтау орталықтарының 14 пайызында азаматтық топтар болды. Екі қалған кандидаттармен салыстырғанда қазіргі президент айтарлықтай көп сенімді өкілдер тіркеген.⁵⁸ Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, 858 халықаралық бақылаушы аккредиттелген.

Сайлау күні көптеген УСК, АСК және ТСК-лар маңызды бақылау мүмкіндігі бар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларымен қамтамасыз етілген жоқ. Дауыс беру кезінде бақыланған сайлау учаскелерінің жеті пайызында бақылаушылар отыруға немесе тағайындалған жерлерінде қалуға міндетті болды. Шектей не алдын ала отырып бақыланғандықтан санау кезіндегі жағдайлардың 21 пайызында, сондай-ақ байқалған 71 сайлау нәтижелерін анықтау орталықтарының 21 пайызында ашықтық айтарлықтай төмендеді.

Бұрын ұсынылғандай азаматтардың және халықаралық бақылаушылардың дауыс беру, дауыстарды санау және нәтижелерін шығаруды қоса алғандағы бүкіл сайлау процесіне шексіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін іс-шаралар қабылдануы тиіс.

⁵⁸ ОСК деректері бойынша Әбілғазы Құсайыновтың 214 сенімді өкілі, Нұрсұлтан Назарбаевтың 28,770 сенімді өкілі, ал Тұрғын Сыздықовтың 238 сенімді өкілі болды.

XIII. САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні жалпы ережелерге сай өткізілді, алайда дауыс беру, дауыстарды санау, нәтижелерді шығару кезінде маңызды процедуралық кемшіліктер мен ағаттықтар және дауыс беру жәшіктеріне топтап бюллетень салу жағдайлары байқалды.

A. АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ

Сайлау учаскелерінің көбі уақтылы ашылды, ал бақылау нәтижелері бойынша үш жағдайды қоспағанда, процесс жақсы немесе өте жақсы деп атап көрсетілді. Сөйте тұра процедуралық қателер болғандығы атап көрсетілді: 9 жағдайда УСК ашылу хаттамаларында дауыс беру жәшіктеріндегі мөр нөмірлері жазылмаған, ал 22 жағдайда дауыс беруге алынған жәшіктер саны бақылаушыларға жария етілмеді. 12 жағдайда бөтен адамдардың болғандығы атап көрсетіледі; олардың екеуінде ол тұлғалар жұмысқа араласты немесе УСК жұмысына басшылық жасады.

Алайда, дауыс беру кезінде үрдіс нашарланды. Бақылаулардың 11 пайызында дауыс беру процесі нашар немесе өте нашар ретінде атап көрсетілді. Бюллетендерді тастап жіберу (46 жағдай), сырттай ұқсас қолтаңбалардың дауыс берушілердің тізіміндегі жалғасымдығы (12 пайыз), топтық дауыс беру (7 пайыз), өкіл арқылы дауыс беру мен тиісті емес түрде дауыс беруге арналған мөрленген жәшіктер (4 пайыздан), көп мәрте дауыс беру жағдайлары (2 пайыздан), сондай-ақ қысымның әсерімен дауыс беру (1 пайыздан), мұнда сайлау учаскелеріне кіретін және одан шығатын сайлаушыларды суретке түсіретін тұлғалардың бар болуы кіреді. УСК ықтималды көп мәрте дауыс берудің алдын алу бойынша шаралар орындамады, мысалы, сайлаушылардың шығу куәліктерін тапсыру (8 пайыз) немесе бюллетендерді беру кезіндегі сайлау тізімдеріне қол қою (3 пайыз).

Дауыс беру үрдісі барысында дауыс беру учаскелерінің тоғыз пайызында рәсімдерді орындамаған жағдайда бюллетендердің дауысты есептеу кезіндегі жарамсыздығына әкеп соқтыруы мүмкін сайлаушыларға беру алдында бюллетендерге қол қоймау (тоғыз пайыз), сайлаушылар өз бюллетендерін құпия түрде толтырмауы немесе олардың таңдауы бюллетен толтыру кезінде ашық түрде болуы (жеті пайыз) және сайлаушылардың тиісті жеке куәлігін ұсынусыз (4 пайыз) дауыс беруін қоса маңызды рәсімдердің толық сақталмауы орын алды. Сайлау учаскелерінде алты пайыз жағдайда бөтен адамдар болған, және олардың екеуі УСК жұмысына араласты. Әрі қарай, бес пайыз сайлау учаскелерінің ішінде шамадан тыс толып кету байқалғаны туралы хабарланды және бақылау жүргізілген сайлау учаскелерінің шамамен жартысында мүмкіндігі шектеулі сайлаушылардың қатысуын қамтамасыз ету бойынша шаралар көзделмеген.

Дауыс беру үдерісінің тұтастығына кепілдік беруге бағытталған шаралар қолданылуы керек. Атап айтқанда, дауыс берудің теңдігі мен құпиясына (оның ішінде сайлау жәшігінің қауіпсіздігі және сайлау бюллетеньдерін жинау) кепілдік беру, сондай-ақ дауыс берушілердің таңдауына заңсыз ықпал көрсетуден қорғау

B. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

Дауыстарды санау онда бақылау жүргізілген 95 сайлау учаскелерінің жартысынан астамында нашар немесе өте нашар ретінде бағаланды (46 жағдай); бұл елеулі көрсеткіш болып табылады. УСК сайлаушылар тізіміндегі қолтаңбалар негізіндегі сайлаушылар санын (46 сайлау учаскелерінде байқалған), шығу куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушыларды (33 жағдай), әрбір УСК мүшесі арқылы берілген бюллетендерді (57 жағдай) және дауыс беруге

арналған мобилді жәшіктерді пайдаланумен дауыс беруге қол қойылған сауалдарды анықтамаған (28 жағдай); УСК толтырылмаған бюллетендердің күшін жою талабын 20 мәрте орындамауы, дауыс беруге арналған мобилді жәшіктер мен стационарды жәшіктердің бюллетендерін араластыру талабын орындамауы (33 жағдай), қиылыс тексеру талабын орындамауы (40 жағдай), және оны хаттамаға тиісті түрде толтырмау (21 мәрте) жағдайларын қосқандағы процедуралық қателер атап көрсетілді. УСК хаттамаларды толтыруда қиындық бастан кешті (80 сайлау учаскелерінде байқалды), және алдын ала толтырылған хаттамалар жағдайы 10 рет орын алды. Бюллетендерді тастап жіберу белгілері (4 жағдай), сондай-ақ дауыс беру жәшіктеріндегі мөрлердің толықтығы бұзылғандығы (3 жағдайда) атап көрсетілді. 87 жағдайда бөтен адамдардың болғандығы атап көрсетілді; олардың 4 жағдайында олар жұмысқа араласты немесе УСК жұмысын басқарды. Барлығын қоса алғанда, бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағында талап етілгендей әділ септеуге кепілдік бері мүмкін емес дегенді білдіреді.⁵⁹

Сайлау күнінен бірнеше күн бұрын Солтүстік Қазақстан ТСК 97 сайлау учаскелері логистикалық негіздер бойынша ерте жабылуы мүмкін деп шешті. ТЕС оны әдеттегі тәжірибе, бірақ заңға қайшы болып табылатын УСК нәтижелерін анықтау үшін АСК-ға уақытылы келуге уақыт беру үшін жасағанын мәлімдеді. Қаншама сайлаушылар осындай өзгерістер туралы хабардар етілгені анық емес.

С. САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ

Сайлау нәтижелерін анықтау үрдісі 95 АСК-ның 18 АСК-да теріс ретінде бағаланды. Нәтижелерді қорытындылау процедурасы әртүрлі аудандарда әркелкі болды, бұл нақты нұсқаулардың болмағандығына сілтейді. Миссия барған 27 АСК-ларындағы АСК ғимаратында УСК хаттамаларын толтыруды қоса алғанда негізгі рәсімдердің бірқатары сақталмады. УСК хаттамасындағы сандар 42 байқалған АСК-ларында үнемі тиісті түрде салыстырылмады. Миссия барған 22 АСК-ларында УСК хаттамалары ресми шешімсіз өзгертілді. АСК-лардың көбі УСК нәтижелерін электрондық түрде анықтады, бірақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларына компьютерлік санауды қарауға сайлау рұқсат етілмеді, бұл сайлау үрдісінің ашықтығын төмендетті.

Заңда талап етілгендей байқалған жағдайлардың төрттен бір бөлігінен астамында УСК-ның нәтижелер хаттамалары қоғамдық бақылау үшін орналастырылмағандықтан ашықтық одан әрі шектелді. Сондай-ақ, үш АСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға өз сайлау нәтижелерін анықтау хаттамаларын беруден бас тартты.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ УСК-ның 144 хаттама нәтижелерін; АСК-ның 111 сайлау нәтижелерін анықтау хаттамасын және АСК-ның 12 дауыс беру нәтижелерін анықтау тізімін (АСК нысандарды хаттамаға қосуға арналған нәтиже көрсеткіштерін есептеуге көмек көрсету үшін пайдаланды); және 8 ТСК хаттамаларын жинады. Осы 26 УСК, 12 АСК және 3 ТСК хаттамалары математикалық қателерді қамтыды. Әр түрлі хаттамаларда жалпы 145 сайлау учаскелері 100 пайыз сайлаушылардың келуін көрсеткені және 12 сайлау учаскесінде сайлаушылардың келуі 100 пайыздан жоғары болғаны қайта қаралды.

Қалған сайлау нәтижелерін анықтау құжаттарын қарау кезінде қосымша және елеулі сәйкессіздіктер байқалды. Мысалы, 21 УСК-да дауыстарды санау хаттамаларында жазылған

⁵⁹ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағы Қатысушы мемлекеттерге «дауыстардың құпия дауыс беру жолымен жасалғанын немесе еркін дауыс беру рәсімінің баламасы қолданылуын және жарияланған ресми нәтижелерімен бірге дауыстардың әділ саналуын және есептелуін қамтамасыз етуді» міндеттейді.

сайлау нәтижелері бір жағдайда тиісті АСК сайлау нәтижелерін анықтау парақтарынан ерекшеленді. Сонымен қатар, Алматы қаласы ТСК-ның санау нәтижесін анықтау хаттамасы мен сәйкес АСК сайлау нәтижелерін анықтау хаттамалары арасында айырмашылықтар байқалған. Бұл айырмашылықтар ресми қайта санауға алып келуі мүмкін болғанына қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға тапсырылатын қандай да бір қайта санау немесе АСК, ТСК, ОСК-мен талқыланатын нәтижелерге қарсы қандай да бір шағым туралы хабарлаған жоқ.

Хаттамаларды есептеу мен жиынтықтаудың нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында нәтижелер хаттамасын толтыру және математикалық әдіспен тексеру формулаларына ерекше көңіл бөле отырып, кешенді әрі тәжірибелік оқу бағдарламаларын әзірлеу қажет.

95,2 пайыз шамасында сайлаушылардың соңғы келуінің шарықтау шегіне жете отырып, ОСК дауыс бергендердің санын күні бойы тұрақты аралықтарда жариялады. Атырау облысында 97,6 пайыз және Алматы қаласында пайызға аралығында өзгеріп отырды. ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ бақылаушылары сайлаушылардың дауыс беру бюллетендерінің саны ресми хабарланған саннан төмен болды деп бағалады.⁶⁰ ОСК-ның сайлаушылар көрсеткіштерінің талдамасы сайлау күні кейбір аймақтар берілген уақыт аралығында барлық сайлау учаскелерінде сағатына 186 пен 270 шамасы аралығында сайлаушыларды қабылдады деп хабарлады, бірақ ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ сағатына 43 пен 65 шамасы аралығында сайлаушылар қабылдағанын байқады.⁶¹ Сайлаушы тізімінде бірқатар ұқсас қолтаңбалар байқалған сайлау учаскелерінде сайлаушылардың келуі орта есеппен 24 пайызға жоғары болды.

Тіркелген сайлаушылардың ақырғы саны сайлау күні тіркелген 28.967 сайлаушыларды қоса алғанда 9.547.864 болды. Қорытынды нәтижесі 28 сәуір күні Назарбаев мырзаның сайлаушылардың 97,7 пайыз иемденіп, бірінші кезеңде жеңгенін көрсете отырып жарияланды. ОСК аудан немесе сайлау учаскесі бойынша бөлінген нәтижелерді жарияламай сайлау процесінің жалпы ашықтығын азайта түсті.⁶²

Ашықтық мен есептілікті арттыру үшін сайлау нәтижелері тіркелген сайлаушылар мен дауыс бергендер саны, сондай-ақ әрбір кандидат үшін берілген дауыстар санын қоса алғанда аудандық және сайлау учаскелеріне бөлініп жариялануы керек. Оны ОСК веб-сайтында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған жөн.

XIV. ҰСЫНЫМДАР

Мәтін бойынша қамтылған бұл ұсыныстар Қазақстандағы сайлаулардың өткізілуін жетілдіру және оларды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың басқа да халықаралық

⁶⁰ Сайлау күні ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ бақылаушылары байқалатын әрбір сайлау учаскесінде тұрған кезде дауыс берген сайлаушылардың санын бағалайды. Бұл сандар жалпы сайлаушылардың учаскелерге келуін бағалау, содан кейін басқарушы билік берген учаскелерге келетін тұлғалар санымен салыстыру үшін пайдаланылады.

⁶¹ Алматы облысында сайлаушылардың келуі 10:00 мен 12:00 арасында 60,7 пайыздан 26,1 пайызға дейін өсті; 34,6 пайыздық тармаққа артық. Осы кезең ішінде Алматы облысында 327.025 сайлаушы дауыс берді немесе орташа дауыс беру минутына 3,1 сайлаушыға тең. Оңтүстік Қазақстанда көрсеткіш 12:00-де 32,6 пайыз және 14:00-де 77,3 пайыз болды, екі сағатта 44,7 пайыздық тармаққа артты; Осы кезеңде Оңтүстік Қазақстанда 560.766 сайлаушы немесе минутына 4,5 сайлаушы дауыс берді. Атырау облысында сайлаушылардың келуі 10:00-де 11,1 пайыз және 12:00-де 47,5 пайыз болды, 36,4 пайыздық тармаққа артты; Осы кезеңде, Атырау облысында 110.902 сайлаушы немесе минутына 4,0 сайлаушылар дауыс берді.

⁶² Сайлау мәселелері бойынша озық тәжірибенің 2002 Венеция комиссиясы кодексінің 3.2.xiv бөлімі «нәтижелер ашық түрде жоғары деңгейде хабарлануы керек» деп ұсынады.

міндеттемелері мен стандарттарына толықтай сәйкес келтіруге арналған күш-жігерлерін қолдау мақсатында ұсынылады. Бұл ұсыныстар әлі де шешілуі керек өткен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынымдарын бірге оқылуы тиіс. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау процесін әрі қарай жетілдіру және осы қамтылған ұсынымдар мен алдыңғы есептерді шешу үшін Қазақстан Республикасының органдарына көмек көрсетуге дайын.⁶³

A. БАСЫМ ҰСЫНЫМДАР

1. Заңнаманы ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкес ету және өткен және қазіргі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынымдарын шешу мақсатында сайлауға арналған ағымдағы құқықтық база мен негізгі бостандықтарды жан-жақты шолу шаралары қолданылуы керек. Барлық мүдделі тараптармен ашық кеңес өткізу үшін реформа қолдану қажет.
2. Бейтарап сайлау әкімшілігін жақсарту үшін заңда және іс жүзінде барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының инклюзивті құрамын қамтамасыз етуге арналған қадамдар қабылдануы тиіс. Барлық саяси партиялардың, оның ішінде басшылық лауазымдарындағы пропорционалды өкілдікті қамтамасыз ету үшін мәселе талқылауға берілуі мүмкін болды. Комиссияда бір саяси партиядан бір ғана мүше болады деген қағида ұсталуы тиіс.
3. Кандидаттың біліктілік талаптары қоғамдық лауазымға қол жеткізу үшін азаматтардың құқығын негізсіз шектемейтіндей етіп түзетулер енгізу қажет. Ел территориясында тұру талаптарын алып тастау және қылмыстық сотты болған адамдарды қолдайтын құқық туралы кез келген шектеулер құқық бұзушылықтың ауырлығына шамалас болуын қамтамасыз ету мәселесіне көңіл бөлген жөн.
4. Басқарушы билік кандидаттардың сайлау мақсаттары үшін өз өкілеттіктерінің артықшылығын шамадан тыс пайдаланудың алдын алу үшін мемлекет пен партия арасындағы нақты шекті қамтамасыз ету мақсатында сақтық шараларын әзірлеуі тиіс. Партия мен сайлау кеңселерін мемлекеттік институттары бар ғимараттарда бірге орналастырмау ұсынылады.
5. Мемлекеттік органдар сайлау кезеңдер арасында және кезінде, бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің қызметіне қандай да болмасын араласудан бас тартуы керек. БАҚ шамадан тыс немесе ерікті сот істері және пропорционалды емес әкімшілік іс-әрекеттерді қоса алғандағы кез келген қорқыту немесе қысымға тәуелсіз жұмыс жасауға қабілетті болуы тиіс.
6. Қылмыстық диффамация ережелері талапкерге өтемақы төлегеннен немесе айыпталушыны жазалаудан гөрі зиян шеккен беделін қалпына келтіруге арналған азаматтық санкциялар пайдасына алынып тасталуы тиіс. Санкциялар келтірілген зиянға қатаң түрде сай болуы тиіс және мүліктік емес құқықтарды қорғау тәсілдерін пайдалану басым болуы тиіс.
7. Бұрын ұсынылғандай азаматтардың және халықаралық бақылаушылардың дауыс беру, дауыстарды санау және нәтижелерін шығаруды қоса алғандағы бүкіл сайлау процесіне шексіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін іс-шаралар қабылдануы тиіс.
8. Ашықтық мен есептілікті арттыру үшін сайлау нәтижелері тіркелген сайлаушылар мен дауыс бергендер саны, сондай-ақ әрбір кандидат үшін берілген дауыстар санын қоса

⁶³ 1999 ЕҚЫҰ Стамбул құжатының 25-тармағында ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер өздеріне «ДИАҚБ-ның сайлауды бағалауын және ұсынымдарын тиісті түрде сақтауға» міндеттемесін алды.

алғанда аудандық және сайлау учаскелеріне бөлініп жариялануы керек. Оны ОСК веб-сайтында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған жөн.

В. БАСҚА ҰСЫНЫМДАР

Құқықтық база

9. Заң алдында барлық жеке тұлғалардың теңдігін және барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды белсенді түрде қамтамасыз ету мақсатында бірінші Президентке айрықша құқықтық мәртебе беретін ережелерді, соның ішінде мерзімнен бұрын президенттік сайлау өткізуге айрықша және шектелмеген құқықты қайта қарастыру қажет.
10. ОСК қаулылары төменгі деңгейдегі комиссиялар орындайтын рәсімдерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құқықтық базаны толықтыруы тиіс.

Сайлау үрдісін басқару

11. Сайлау комиссияларының тәуелсіздік деңгейін арттыруға бағытталған шаралар қолдану керек, атап айтқанда УСК құрамында сатылы еңбек қарым-қатынастары болған жағдайда орын алуы мүмкін мүдделер қақтығысын болдырмау.
12. Рәсімдерді бірыңғай қолдануды жақсарту және сайлау комиссиялары жұмысының ашықтығын арттыру үшін ОСК басқалардың арасында одан әрі өз қағидаларын дамыту, практикалық оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету, сондай-ақ төменгі деңгейдегі комиссиялардан келетін деректер жинағын стандарттау арқылы өзінің бақылау қызметтерін жүзеге асыру керек.

Сайлаушыларды тіркеу

13. Салынған шектеу және жасалған құқық бұзушылық ауырлығына арасындағы парапарлықты қамтамасыз ету үшін түрмеде жазасын өтеуші азаматтарға дауыс беру құқықтарын мүлдем ұсынбау жасалған қылмыстың ауырлығына қарамастан қайта қарастырған жөн.
14. Ашықтық пен орын алуы мүмкін билікті асыра пайдаланушылықтан қорғау үшін ТШК қолдану мен бақылау туралы толық ережелер әзірленуі тиіс.
15. Тіркеуден шығару талондарының басылып шығарылуын, таратылуын және қолданылуын осы талондарға сериялық нөмір беру арқылы бақылауды күшейту керек. Бұл нөмірлерді УСК нәтижелер хаттамасына жазып, тексеріп тұруы тиіс.
16. Сайлау туралы заңға арнаулы сайлаушылар тізімін аяқтау мен бюллетеньдерді тарату арасындағы кестені үйлестіру мақсатында өзгерістер енгізу қажет.
17. Озық тәжірибеге сәйкес бірнеше рет тіркелу жағдайларының орын алуына жол бермеу үшін сайлаушылардың сайлау күні тіркелу мүмкіндігін алып тастау туралы сұрақты қарастыру керек. Сайлаушылар тізімін жабудың заңды мерзімін енгізуге болады. Тізімге қосымша сайлаушылар тек анық көрсетілген заң талаптарына сәйкес және сот бақылауымен енгізіле алады.
18. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы ұсынымдарына сәйкес ОСК сайлау күніне дейін және сайлау күнінде әр сайлаушының тек бір сайлау учаскесінде тіркелуін қамтамасыз ететін орталықтандырылған тоғыспалы тексеру тетігін құруы тиіс. Сайлаушылардың тіркелуі

туралы мәліметтерді жинау бойынша бірыңғай рәсімдер толық болып, жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек. Атап айтқанда, арнайы сайлау учаскелерінде тіркелген сайлаушылар тұрғылықты мекені бойынша сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімінен шығарылғандығын тексеретін тетік құру қажет.

Кандидаттарды тіркеу

19. Кандидаттарды тіркеудің анық, объективті және орынды өлшемдерін орнату үшін құқықтық базаға өзгерістер енгізілуі керек. Оның ішіне кандидатты қолдайтын адамдардың қолын қуәландыру мен тілді еркін меңгеруін бағалау кіреді. Кандидаттарды ұсыну күніне қарамастан барлық Кандидаттарға тең мүмкіндік беру мақсатында олардың тіркелуіне берілген мерзімді қайта қарастыру қажет.
20. Кандидат тек заңда нақты көрсетілген ауыр заң бұзушылық үшін тіркеуден шығарыла алатындығы қарастырылған заңға өзгеріс енгізу мәселесіне көңіл бөлген жөн.

Сайлау науқаны және науқанды қаржыландыру

21. Сайлаушылар өз дауыстарын «еш қорқынышсыз» бере алатындығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолданылуы тиіс. Жоғарғы лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметкерлерге қысым көрсетілмейтіндігі және ешбір азамат саяси партияны немесе үміткерді қолдағаны немесе қолдамағаны үшін өзінің жұмысынан немесе әлеуметтік жеңілдіктерінен айырылатындығынан қорықпау керектігі туралы анық мәлімдеме берулері керек.
22. Ашық науқан өткізуге жағдай жасау мақсатында және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы ұсынымдарына сәйкес «Бейбіт жиналыстар туралы» заңға қазіргі рұқсат алу талабының орнына жоспарланбаған жиналыстардан басқарларына қарапайым хабарлама жіберу рәсімін талап ететіндей өзгерістер енгізу керек.
23. Тәуелсіз үміткерлер мен партия немесе басқа қоғамдық бірлестік атынан ұсынылған үміткерлер арасындағы тең ойын ережелерін орнату тәсілі ретінде барлық үміткерлер үшін бірдей ақша салу шегі болатындай науқанды қаржыландыру ережелерін өзгерту мәселесіне көңіл бөлген жөн.
24. Сайлау күніне дейін сайлаушылардың дауыс беруінің алдында оларды науқанның қаржыландыру туралы хабардар ету үшін аралық қаржылық есеп ұсынып, оны басып шығаруды талап ету мәселесі қарастырылуы тиіс.
25. Науқанды қаржыландыру ережелерін жасалған заң бұзушылық үшін қолданылатын нақты және сәйкес санкцияларды енгізу арқылы күшейтуге болады.
26. Ашықтықты арттыру үшін Сайлау туралы заңға толық қаржылық есептер көпшілікке қолжетімді болып, ОСК веб-сайтында жариялану керектігін қамтитын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары

27. Қоғамдық ашық түрде лицензия беруге, сонымен қатар сайлау науқанынан тыс және сайлау науқаны кезінде хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауға құқылы тәуелсіз кәсіби бақылау органын құру мәселесіне көңіл бөлген жөн. Бақылау қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының заңға сәйкестігін көрсететін айқын әдіске негізделген

мониторингті қамтиды. Бұған қоса, органның жарамды, тиісті және тиімді санкция салу тетігі болуы тиіс.

28. Бұрын ұсынылғандай, билік басындағылар заңнан сыни және қызу пікірталас өткізуге кедергі жасауы және өз еркімен қолданылуы мүмкін тұжырымдарды алып тастау мәселесін қарастыру керек.
29. Сайлау туралы заңға бұқаралық ақпарат құралдарын сайлаушыларға науқан жөнінде әр түрлі және талдамалы ақпарат беруге ынталандыратын өзгерістер енгізуге болады. Сайлау науқанын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету форматы мен сайлауға байланысты ақы төленген материал бойынша шешімдер тек бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялық саясатына сәйкес қабылданады.

Шағымдар мен өтініштер

30. Сайлау туралы заңға сайлаушыларға өз аймағында сайлау нәтижелері бойынша шағым беруге және сайлауға қатысқан үміткерлерге Конституциялық кеңеске апелляция беруге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілуі керек.
31. Құқықтық нақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бірден-бір, сатылы үдерісті орнату арқылы қосарлы юрисдикцияны жою және сайлауға байланысты шағымдар мен апелляциялар беру үдерісін жеңілдету үшін құқықтық негіздерге өзгерту енгізу қажет. Әр түрлі заңдардағы барлық шағымдар мен апелляцияларға байланысты ережелер «Сайлау туралы» заңда біріктірілуі немесе нақты және жан-жақты көрсетілуі керек.
32. Уақытылы және тиімді құқық қорғау шараларына кепілдік беру үшін шағымдар мен апелляциялар беру мерзімін өзгерту қажет. Сайлау нәтижелері жария етілген уақытта ОСК жеңімпаздарды ресми түрде тіркеуінің алдында шағымдар бойынша барлық мәселелердің шешілуі қамтамасыз етілуі керек.

Сайлау күні

33. Дауыс беру үдерісінің тұтастығына кепілдік беруге бағытталған шаралар қолданылуы керек. Атап айтқанда, дауыс берудің теңдігі мен құпиясына (оның ішінде сайлау жәшігінің қауіпсіздігі және сайлау бюллетеньдерін жинау) кепілдік беру, сондай-ақ дауыс берушілердің таңдауына заңсыз ықпал көрсетуден қорғау.
34. Хаттамаларды есептеу мен жиынтықтаудың нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында нәтижелер хаттамасын толтыру және математикалық әдіспен тексеру формулаларына ерекше көңіл бөле отырып, кешенді әрі тәжірибелік оқу бағдарламаларын әзірлеу қажет.

ҚОСЫМША I: СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР⁶⁴

Тіркелген сайлаушылар саны	9,547,864	
Дауыс бергендер саны	9,090,920	
Мобильді дауыс бергендер саны	152,016	
Сайлаушылардың белсенділігі	95.22%	
Үміткер	Дауыс	Пайыздық көрсеткіш
Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы	57,718	0.64
Нұрсұлтан Назарбаев	8,833,250	97.75
Сыздықов Тұрғын Искакович	145,756	1.61

**ҚОСЫМША II: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫНЫҢ
ҚҰРАМЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУШЫЛАР ТІЗІМІ**

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қысқа мерзімді бақылаушылар		
Иоханнес	ШАЛЕРТ	Австрия
Хайке	ВЕЛЬЦ	Австрия
Филип	ХЕРМАНН	Австрия
Шарлот	ХЕЛЛЕТЗГРУБЕР	Австрия
Сона	АЛИЕВА	Әзірбайжан
Азар	ХАСРАТ	Әзірбайжан
Жан	НУПС	Бельгия
Луи	СИМОЕН	Бельгия
Селин	РОМИН	Бельгия
Борис	ШЕКУЛИЧ	Босния және Герцеговина
Алма	ТУЗЛИЧ	Босния және Герцеговина
Барбора	КАРДОНА СЕВЧИКОВА	Чех Республикасы
Мартин	СВАРОВСКИ	Чех Республикасы
Петр	СВЕПЕС	Чех Республикасы
Биргит	ХЬОРТЛУНД	Дания
Стиг	СКОВБО	Дания
Кирстен	ЛИНД	Дания
Ханне Биргит Элмелунд	ГАМ	Дания
Йорген Элнефф	ПУЛСЕН	Дания
Машу Димма	ПУЛСЕН	Дания
Кирстен	ЙОРГЕНСЕН	Дания
Ларс Иохан Хелледи	ДЖЕНСЕН	Дания
Бенте	РАСМУССЕН	Дания
Пер Рендбэк	АНДЕРСЕН	Дания
Эрик	НИЛСЕН	Дания
Ингрид Маргарете	ПУЛСЕН	Дания
Эвелин	КРОЛОВ	Эстония
Атте Джуана	ЛАУЕРМА	Финляндия
Аарно Артси	АЛАННЕ	Финляндия
Рами Тапио	КОЛЕНМАЙНЕН	Финляндия
Хелена Анника	ВИРКУНЕН	Финляндия
Марянна Санна Мария	РАФ	Финляндия
Петри Джуко	ВАРДЖОС	Финляндия
Ниина Джоанна	СИПИНЕН	Финляндия
Катя-Хелена	ГРЕКУЛА	Финляндия
Розали	ЛОРЕН	Франция
Стефан	ЛЕВАНДОВСКИ	Франция
Джули	ГОДИНЬЕН	Франция
Диан	ЖЕРЕМИК	Франция
Матиу	БУЛЕГУ	Франция
Каспар Йоханнес	ХАМАХЕР	Германия
Фритз Хорст	БАЛКЕ	Германия

Уве	ДАНАПЕЛ	Германия	
Майкл	ИКЕС	Германия	
Фридгельм	БАЛТЕС-МЕЙЕР ЦУ НАТРУП	Германия	
Хельмут Юлиус	ГОЗЕР	Германия	
Стефан	КЕППЕ	Германия	
Гельмут Йозеф	ШЛАГБАУЭР	Германия	
Вольфганг Бернхард	ГРАФ ФОН ШМЕТТАУ	Германия	
Оливер	ФРИТЗ	Германия	
Элизабет Адель	ШМИЦ	Германия	
Рейнгольд Стефан	ОСТЕРХУС	Германия	
Мохаммад Амин	ЛОУДЕН	Германия	
Хайке	ВИШИОЛЕК	Германия	
Хайнц	НАЕГЕЛЕ	Германия	
Эдит Мария	МЮЛЛЕР	Германия	
Кай	ШЕФЕР	Германия	
Хартвиг Гунтрам	КАБОТ	Германия	
Йоахим Густав	ТЧЕШ	Германия	
Сюзанна	ГРЕЙТЕР	Германия	
Фритц	БИРНШТИЛ	Германия	
Юлиа Франциска	РУППЕЛ	Германия	
Юдит Терезиа	БРАНД	Германия	
Дагмар	ХОФФМАН	Германия	
Мелани	БРАЙТЕР	Германия	
Юрген	БИНДЕР	Германия	
Юна Гвенэлле	РАУЛ Д'ИНКА	Германия	
Арно Грегор	ХУБНЕР	Германия	
Иоханес	ХАЙЛЕР	Германия	
Регина	КОРДЕС ЛАРСОН	Германия	
Улрике Аннелоре	НОЙНДОРФ	Германия	
Ютта Гизела	КРАУЗЕ	Германия	
Бернхард Томас	ХЕК	Германия	
Хельмут	ЛАГЕС	Германия	
Рейнхард	ГЕССЕН	Германия	
Кристоф	ВИДЕМАНН	Германия	
Сабине	ХАЙСЛЕР	Германия	
Волкер	ВАЕЛ	Германия	
Себастиан	МАЙЕР	Германия	
Райнер Вернер	КЛЕФФЕЛ	Германия	
Гиергий	БЕЗДАН	Венгрия	
Магор	ЭРНЕИ	Венгрия	
Жофия	ЕЛЕК	Венгрия	
Хейдар Орн	СИГУРФИННСОН	Исландия	
Хельга	ХАУКСДОТТИР	Исландия	
Киран Эндрю	ДАЛТОН	Ирландия	
Фергус	ГЛИСОН	Ирландия	
Марга	ФОЛЕЙ	Ирландия	
Джон Игнатиус	БУРКЕ	Ирландия	

Дейдре	БУРКЕ	Ирландия	
Алессандра	НЕРВИ	Италия	
Канат	ТОЛЕНОВ	Қырғызстан	
Жаниия	АГИБАЕВА	Қырғызстан	
Алгидрас	ГОСТАУТАС	Литва	
Лина	МОГЕНИТЕ	Литва	
Юдит Петрина	КИЕРС	Нидерланд	
Петер	ХЕНДРИКС	Нидерланд	
Маргарета	ВАН ДЕН ХОЙФЕЛ	Нидерланд	
Джейхун	ОСТОВАР	Нидерланд	
Турид Смит	ПОЛФУС	Норвегия	
Ойстайн	ВИИК	Норвегия	
Гуннар	БАСТАУД	Норвегия	
Берит Бахен	ДАЛЕ	Норвегия	
Торбьорн	БЬОРВАТН	Норвегия	
Кристина	ИОХАНСЕН	Норвегия	
Ева	КОЛОДЗЕЙ	Польша	
Эльзбиета	СВИДРОВСКА	Польша	
Мария-Магдалена	БУДКУС	Польша	
Гжегош	ЛЕВОЦКИ	Польша	
Александра	ЯРОСЕВИЧ	Польша	
Жулио Мигель	ДЕ СИЛВА ИРИА	Португалия	
Константина Ралука	ЗАНФИР	Румыния	
Калин-Адриан	ПРОДАН	Румыния	
Адриан Клаудиу	БУРЧАНУ	Румыния	
Юлиана	ПЕТРЕНКО	Ресей Федерациясы	
Иршат	ФАХРИТДИНОВ	Ресей Федерациясы	
Мария	СВИДЕРСКАЯ	Ресей Федерациясы	
Екатерина	САИТГАРИЕВА	Ресей Федерациясы	
Александр	ИГНАТОВ	Ресей Федерациясы	
Владимир	СИМАГИН	Ресей Федерациясы	
Анастасия	КРУГЛОВА	Ресей Федерациясы	
Игорь	ГЛАДКИХ	Ресей Федерациясы	
Денис	МИКЕРИН	Ресей Федерациясы	
Феодосий	ВЛАДЫШЕВСКИЙ	Ресей Федерациясы	
Всеволод	ПЕРЕВОЗЧИКОВ	Ресей Федерациясы	
Максим	СИЗОВ	Ресей Федерациясы	
Тамара	ЯКОВЛЕВА	Ресей Федерациясы	
Андрей	БОРОДИН	Ресей Федерациясы	
Степан	АНИКЕЕВ	Ресей Федерациясы	
Станислав	ПРИТЧИН	Ресей Федерациясы	
Кудина	ТУАЕВА	Ресей Федерациясы	
Иван	ХОРОШЕВ	Ресей Федерациясы	
Игорь	ИНЮШКИН	Ресей Федерациясы	
Екатерина	ЩЕГЛОВА	Ресей Федерациясы	
Юлия	КОРОТУН	Ресей Федерациясы	
Дмитрий	ВЕТРОВ	Ресей Федерациясы	
Оксана	МИХАЙЛОВА	Ресей Федерациясы	

Дмитрий	ФИЛАТКИН	Ресей Федерациясы	
Валентина	ТЕРЕШКОВА	Ресей Федерациясы	
Павел	КОПЧЕНКОВ	Ресей Федерациясы	
Андрей	ЕРМОЛЕНКО	Ресей Федерациясы	
Александр	ПАШЕДКО	Ресей Федерациясы	
Андрей	ЕГОРОВ	Ресей Федерациясы	
Энвер	АХМЕДОВ	Ресей Федерациясы	
Лев	ТАРСКИХ	Ресей Федерациясы	
Святослав	ТЕРЕНТЬЕВ	Ресей Федерациясы	
Дмитрий	БАГДУЛИН	Ресей Федерациясы	
Евгений	ЛОГИНОВ	Ресей Федерациясы	
Аслане	БОТАШЕВ	Ресей Федерациясы	
Александр	ВЛАДЫЧЕНКО	Ресей Федерациясы	
Константин	ГУЗ	Ресей Федерациясы	
Мария	НИКИФОРОВА	Ресей Федерациясы	
Даниил	ДЕВЯТКИН	Ресей Федерациясы	
Вильям	СМИРНОВ	Ресей Федерациясы	
Владислава	ФАДЕЕВА	Ресей Федерациясы	
Дмитрий	ГРОШЕВ	Ресей Федерациясы	
Александр	БЕДРИЦКИЙ	Ресей Федерациясы	
Сергей	ОВЕРЧЕНКО	Ресей Федерациясы	
Александр	ЧЕТВЕРИКОВ	Ресей Федерациясы	
Михаил	КОРМАЧЕВ	Ресей Федерациясы	
Павел	АРТАМОНОВ	Ресей Федерациясы	
Андрей	КОЛЕСНИКОВ	Ресей Федерациясы	
Генадий	РЯБКОВ	Ресей Федерациясы	
Владимир	КИРЕЕВ	Ресей Федерациясы	
Виктор	ЕВСЕЕВ	Ресей Федерациясы	
Станка	ТАДИН	Словен Республикасы	
Хосе Луис	ГОНСАЛЕЗ ГАРСИЯ	Испания	
Лусиа	ФЕРРЕЙРО ПРАДО	Испания	
Лорето Дел Пилар	АВЕЛЛО БЛАЗКЕЗ	Испания	
Элена	ГАРСИА КАБРЕРА	Испания	
Франциско Хавьер	БУРГОС КАЛЬВИНЬО	Испания	
Рашиде Юсуф	МУСТАФА ЧИКО	Испания	
Лоик Алекси	ДЕГЕН	Швейцария	
Барбара Силва	ЭГГЕР МАЛДОНАДО	Швейцария	
Хадиджа	ХАДЖ САИД	Швейцария	
Корнелиа	ШТАЙНЕР	Швейцария	
Хасан Али	КАРАСАР	Түркия	
Ахмет Асим	АРАР	Түркия	
Анна Кристин	ГЛИСОН	Ұлыбритания	
Марк Бернидж	УАЛЛЕР	Ұлыбритания	
Дэвид	МАКАРДЛ	Ұлыбритания	
Бэн Грэхам	ДЖОНС	Ұлыбритания	
Дэвид Джон	ХАРРИСОН	Ұлыбритания	
Джеффри Деннис	ЛОУИ	Ұлыбритания	
Льюис Джеймс	ЭММЕРТОН	Ұлыбритания	

Ричард Джон	ЭММЕРСОН	Ұлыбритания	
Валери Луиса	СОЛОМОН	Ұлыбритания	
Стивен Спенсер	ПОЛ	Ұлыбритания	
Дэвид	ГОДФРЕЙ	Ұлыбритания	
Мелани Джейн	ЛЕДЭРС	Ұлыбритания	
Томас	КЕЛЛИ	Америка Құрама Штаттары	
Джон Тайлер	ОБОРН	Америка Құрама Штаттары	
Мэрилин	СТЭМПЛЕР	Америка Құрама Штаттары	
Беа	РИЗВАНОЛЛИ	Америка Құрама Штаттары	
Таня	КАРПЯК	Америка Құрама Штаттары	
Карин	АККОРИНТИ	Америка Құрама Штаттары	
Парасту	ХАССУРИ	Америка Құрама Штаттары	
Кристфер	КАЛИЛ	Америка Құрама Штаттары	
Гела	СУЛИ	Америка Құрама Штаттары	
Закари	КАНТРЕЛЛ	Америка Құрама Штаттары	
Юрания	Петит	Америка Құрама Штаттары	
Аарон	ЙОХАНСОН	Америка Құрама Штаттары	
Андре	ДЖАССЕ	Америка Құрама Штаттары	
Роберт	ХАЙАМС	Америка Құрама Штаттары	
Шона	ДОЗИЕР	Америка Құрама Штаттары	
Рали	КУСЕНБЕРРИ	Америка Құрама Штаттары	
Киараш	ЭХФАД	Америка Құрама Штаттары	
Анниса	ВАНАТ	Америка Құрама Штаттары	
Уорд	КРОМЕР	Америка Құрама Штаттары	
Клэр	КАЙЗЕР	Америка Құрама Штаттары	
Вернон	НЕЛСОН	Америка Құрама Штаттары	
Нэнси	ЛУБИН	Америка Құрама Штаттары	
Гарррет	МОНТИ	Америка Құрама Штаттары	
Лора	ЛОКАРД	Америка Құрама Штаттары	
Джеймс	АРМСТЕД	Америка Құрама Штаттары	
Грегори	СЛОТТА	Америка Құрама Штаттары	
Кэрол	ВАЛ	Америка Құрама Штаттары	

Ховард (Джонатан)	БЕМИС	Америка Құрама Штаттары	
Филипп	ДЭНИЭЛ	Америка Құрама Штаттары	
Майкл	РОЗЕНТАЛЬ	Америка Құрама Штаттары	
Ұзақ мерзімді бақылаушылар			
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ негізгі тобы			
Корнелия	ЙОНКЕР	Нидерланд	Миссия басшысы
Меган	ФИЦДЖЕРАЛЬД	Америка Құрама Штаттары	
Зарона	ИСМАИЛОВА	Тәжікстан	
Рауль	МУРЕШАН	Румыния	
Мерсе	КАСТЕЛЬС	Испания	
Иван	ГОДАРСКИЙ	Словакия	
Карло	ПАППАЛАРДО ФИШЕР	Италия	
Марселл	НАДЬ	Венгрия	
Кайл	БОУЭРС	Америка Құрама Штаттары	
Бранко	ЗИВАНОВИЧ	Сербия	
Томаш	ЯНЧИ	Польша	
Ной	ЛЕЙН	Америка Құрама Штаттары	
Андерс	ЭРИКССОН	Швеция	
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАҚЫЛАУШЫЛАР			
Меги	ЛЮБАНИ	Албания	
Кирстен	САКСИНГЕР	Австрия	
Эльгюн	ТАГИЕВ	Әзірбайжан	
Синиса	БЕНКУН	Босния және Герцеговина	
Метте	СЕЛЧАУ	Дания	
Эрик	ТАУ-КНУДСЕН	Дания	
Тимо Карл Рафаэль	БАКМАН	Финляндия	
Матти Тапио	ХЕЙНОНЕН	Финляндия	
Хелена Мария-Тертту	ЛААТИО	Финляндия	
Аделина Элиза Эмили	МАРКИЗ	Франция	
Франциска Мария	БЭСТ	Германия	
Яна Катарина	БЮРГЕРС	Германия	
Бриджит Франциска	ХОЙЕР	Германия	
Катя	РЕЙНХОЛЬЦ	Германия	
Майкл Джон	ВЕРЛИНГ	Ирландия	
Кристина Йоханна	ВАН ХАУТ	Нидерланд	
Даг	ХЕЛЛЕСУНД	Норвегия	
Труде Стадерод	ЙОХАНССОН	Норвегия	
Богдан	СТЭФАН	Румыния	
Мариана	АСАНАЧЕ	Румыния	

Александр	КОБРИНСКИЙ	Ресей	
Милош	СТОЯДИНОВИЧ	Сербия	
Моника Ангела	ДЖИАМБОНИНИ	Швейцария	
Томас	ХОЛЬЦЕР	Швейцария	
Хаяти	АКТАШ	Түркия	
Александр Ньютон	АНДЕРСОН	Ұлыбритания	
Стелла Мэри	ХЕЛЛИЕР	Ұлыбритания	
Линда Флинн	БИКМАН	Америка Құрама Штаттары	
Роберт Харли	БРАНДШТЕТТЕР	Америка Құрама Штаттары	
Джон Эдвард	МИЛЛЕР	Америка Құрама Штаттары	

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) – ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттерінде «адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды толық құрметтеуді қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларды сақтауға, демократия қағидаттарын жүзеге асыруға және (...) демократиялық институттарды құруға, нығайтуға және қорғауға, сондай-ақ қоғамда шыдамдылық ұстанымын дамытуға» көмектесетін негізгі институты (Хельсинки саммитінің құжаты, 1992 ж.)

Бұл ЕҚЫҰ-ның адами өлшемі болып табылады.

Варшава (Польша) қаласында орналасқан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1990 жылы Париж саммитінде «Еркін сайлау жөніндегі бюро» ретінде құрылып, өз қызметін 1991 жылдың мамыр айында бастады. Бір жылдан кейін оның мандатының кеңеюіне байланысты бюроньың атауы өзгерді, оған адам құқықтары мен демократизациялау ұғымдары кірді. Бүгін бюро құрамында 130-дан астам маман қызмет етеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ **сайлауды бақылау** саласындағы Еуропадағы жетекші ұйым болып табылады. Жыл сайын бюро ЕҚЫҰ аймағында өтетін сайлаулардың ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, демократиялық сайлау өткізу бойынша басқа халықаралық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сәйкестігін бағалау үшін мыңдаған бақылаушыларды жіберуді үйлестіреді және ұйымдастырады. Оның бірегей әдістемесі сайлау үдерісінің барлық қырларына тереңдетілген талдау жүргізуге жағдай жасайды. Көмек көрсету бойынша жобаларды іске асыру арқылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге сайлау жүйесін жақсартуға көмектеседі.

Бюроньың **демократияландыру** бойынша қызметі келесі салаларды қамтиды: заң үстемдігі, заңнама саласындағы қолдау, демократиялық басқару, көші-қон және қозғалу бостандығы, гендерлік теңдік. Жыл сайын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ демократиялық құрылымдарды дамытуға бағытталған бірқатар мақсатты бағдарламаларды жүзеге асырады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттердің ЕҚЫҰ адами өлшемі саласында қабылданған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын нығайту мен қорғау бойынша олардың міндеттемелерін орындауға көмектеседі. Бұған лаңкестікпен күрес жағдайында адам құқықтарын сақтау, адамдарды сату құрбандарының құқықтарын қорғауды күшейту, адам құқықтары саласында оқыту және дайындау, адам құқықтарының сақталуын бақылау мен есеп әзірлеу, сондай-ақ әйелдер құқықтары мен олардың қауіпсіздігі сияқты тақырыптық салаларда ынтымақтастықты ынталандыру, әлеуетті дамыту және тәжірибемен алмасу мақсатында көптеген әріптестермен бірлесе қызмет істеудің арқасында қол жеткізіледі.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ **шыдамдылық және кемсітуге қарсы күрес** шеңберінде қатысушы мемлекеттерге жек көрушілік негізінде қылмыстармен, нәсілшілдік, ксенофобия, антисемитизм және төзуге болмайтындықтың басқа нышандарымен олардың күресу белсенділігін арттыруға қолдау көрсетеді. Шыдамдылық пен кемсітпеуге қатысты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қызметі мынадай салаларға көңіл бөледі: заңнама, заңның орындалуын жүзеге асыру бойынша оқыту, мониторинг жүргізу, есеп дайындау және жек көрушілік негізіндегі оқыс оқиғаларға және қылмыстарға жауап реакцияларын бақылау, сондай-ақ шыдамдылық, құрмет және өзара түсіністікті ынталандыру бойынша іс-шаралар.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге **рома және синти** халықтарына қатысты олардың саясаты жөнінде кеңес береді. Бюро рома және синти қауымдарының әлеуетін және өзара әрекетін дамытуға көмектеседі және рома мен синти өкілдерінің саяси бағытты қалыптастыру органдарына қатысуына жағдай жасайды.

Сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының қорытынды есебі

ДИАҚБ барлық іс-шаралары ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттерімен, институттарымен және ЕҚЫҰ далалық миссияларымен, сондай-ақ басқа халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта және үйлесімділікте жүргізіледі.

Қосымша ақпаратты ДИАҚБ веб-сайтынан алуға болады (www.osce.org/odihr).